



ҚҰҚЫҚ

ҚЫЛМЫС ҚАЙТСЕ АЗАЯДЫ?

6-БЕТТЕ



РУХАНИЯТ

СОЛ БІР ӘН...

7-БЕТТЕ



МӘДЕНИЕТ

ҰЛЫ ОЙШЫЛ БЕЙНЕСІ

16-БЕТТЕ

@NurSultanNewsBot t.me/elordainfo

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ / 1990 ЖЫЛҒЫ 13 ҚАЗАННАН БАСТАП ШЫҒАДЫ



ASTANA



№95 (4064) | Бейсенбі | 13 тамыз 2020 жыл

AQSHAMY

Жаңа оқу жылы да жақындап қалды. Осы кезеңде ата-ана балаларын мектепке дайындауға кіріседі. Кеше елордада «Мектепке жол» қайырымдылық акциясы басталды. Қайырымдылық шара аясында әлеуметтік осал санаттағы балаларға көмек көрсетіледі. Ол үшін көмекке мұқтаж ата-аналардан «Менің Атамекенім» порталындағы «Мектепке жол» atamekenim.kz платформасына өтініштер қабылданады.



Жаңа оқу жылының қарсаңында елордадағы әлеуметтік ахуалы төмен отбасылардағы әрбір оқушы мектеп жабдықтарына 40 мың теңге алады.

Бұл жаңалықты «Астана» телеарнасындағы тікелей эфирде Нұр-Сұлтан қаласының әкімі Алтай Көлгінов жария етті. Қала басшысы қашықтан оқитын оқушыларды роутер, ноутбукпен қамтамасыз ету үшін 6 млрд теңге

бөлінетінін айтты. Мұндай көмек елордадағы 34,5 мыңға жуық әлеуметтік жағдайы төмен, жетім, ерекше қажеттілігі бар және көпбалалы отбасынан шыққан балалардың бәрін қуантары сөзсіз.



Карантин талаптары жеңілдеп, еліміздегі мешіттер есігін айқара ашатын күн де алыс емес.

Ақпарат және қоғамдық даму вице-министрі Марат Әзілханов пен ҚМДБ-ның төрағасы, бас мүфти Наурызбай қажы Тағанұлының кездесуінде карантиннің жеңілдеуі жағдайында діни ғимараттардың жұмыс істеу мәселелері талқыланды. Бас мүфти мешіттер ашылған жағдайда,

діни ғимараттағы қызмет санитарлық нормаларды сақтай отырып жүргізілетінін мәлімдеді. Өз кезегінде вице-министр ҚМДБ-ның мешіттерде COVID-19 індеті таралуының алдын алу бойынша бірыңғай іс-қимыл тәртібін әзірлеудің қажеттігін жеткізді.

МЕКТЕПКЕ АПАРАТЫН МЕЙІРІМ ЖОЛЫ

«Бұл платформа мұқтаж адамдар мен қайырымдылық жасаушылар арасындағы тікелей байланысты қамтамасыз етеді. Қазіргі уақытта порталда Нұр-Сұлтаннан 3229 өтініш тіркелген. Кезек бойынша меценаттар мен кәсіпкерлер отбасыларға көмек

көрсетеді» деп атап өтті қалалық Білім басқармасында.

Тізімдегі алғашқы он отбасыға 15 тамызда планшеттер ұсынылады. Айта кетейік, жыл басынан бері акция аясында 4203 мұқтаж оқушыға 42 миллион теңгеден астам қара-

жатқа көмек көрсетілген.

Шараға қатысуға ниеттілер көмелетке толмағандардың құқықтарын қорғау бөліміне мына телефондар арқылы хабарласа алады: 8 701 187 68 68, 8 778 381 68 39.

«Ситибанк» АҚ бастамасымен, БҰҰ қорымен

(ЮНИСЕФ) бірлесе отырып, алты және одан да көп бала тәрбиелеп отырған отбасылардан шыққан, ерекше қажеттіліктері бар сәбилер мен ауыр сырқатты жеткіншектерге көмек көрсетіп, қала бойынша 40 балаға ноутбук тегін таратылды.

ӨЗБЕКТЕР КЕТІП ЕДІ, ЗАУЫТТАР ҚАҢТАРЫЛДЫ

Елімізде іздегенге жұмыс жоқ па, әлде жұмыс істеуге ынта жоқ па? Осы мәселе төңірегінде газет тілшісі ой толғайды.

3



ВАЛЮТА БАҒАМДАРЫ | € EUR/KZT 492.88 \$ USD/KZT 418.9 ₪ RUB/KZT 5.73 ¥ CNY/KZT 60.32

www.astana-akshamy.kz

41870223050016

@NurSultanNewsBot | t.me/elordainfo

» Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Ресей Федерациясының Президенті Владимир Путинге COVID-19 індетіне қарсы әлемдегі ең бірінші вакцинаның тіркелуіне орай құттықтап, жеделхат жолдады.

ЖЕДЕЛХАТ ЖОЛДАДЫ

«Бұл оқиға Ресей ғылымының жоғары әлеуеті мен беделін нақтылай түсті. Сондай-ақ Ресейдің осы жаһандық қауіп-қатерге қарсы күрестегі жетекші рөл атқаратынын көрсетті. Әлемде қалыптасқан осынау қиын-қыстау кезеңде Қазақстанға үнемі қолдау көрсетіп, соның ішінде, гуманитарлық көмек беріп және еліміздегі санитарлық-эпидемиологиялық ахуалдың жақсаруына үл-

кен үлес қосқан дәрігерлер жібергеніңіз үшін Сізге ризашылық білдіреміз» деп жазды Қазақстан Президенті жеделхатта.

Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстан мен Ресейдің аталған бағыттағы тиімді ықпалдас-тығы туралы да айтты. «Тамыз айының екінші жартысында Үкіметтік делегация ресейлік вакцинаны сатып алу мәселесін талқылау үшін Мәскеуге барады» деп атап өтті Мемлекет басшысы.



ҚОСЫМША ШАРАЛАР ҚАЖЕТ

» Премьер-Министрінің орынбасары Ералы Тоғжановтың төрағалығымен Ведомствоаралық комиссия эпидемиологиялық жағдайды одан әрі тұрақтандыру және карантин шараларын кезең-кезеңімен алып тастауға дайындық жөніндегі шаралар кешенін қарастырды.

Денсаулық сақтау министрлігінің өкілдері және бас мемлекеттік дәрігер эпидемиологиялық жағдайды тұрақтандыру көрсеткіштері және күшейтілген санитарлық-дезинфекциялық режимде карантин шараларын жеңілдетудің ықтимал жолдары туралы баяндады. Сонымен қатар аурудың өсуіне жол бермеу мақсатында өңірлердің жұмысын бақылау үшін бірқатар жаңа индикаторлар ұсынылды.

Е.Тоғжанов Денсаулық сақтау министрлігі мен өңірлердің басшыларына эпидемиологиялық жағдайды қатаң бақылауда ұстауды және сырқаттанушылық көрсеткішін одан әрі төмендетуді қамтамасыз етуді тапсырды.

Сондай-ақ, вице-премьер өңір басшыларына COVID-19-бен күресуде зардап шеккен медицина қызметкерлеріне өтемақының уақытылы төленбеуі туралы әр факті бойынша шаралар қабылдауды тапсырды.

«Өңірлер мониторингтік топтардың жұмысының тиімділігін арттыруы тиіс. Қажетінше, жағдайды одан әрі жақсарту үшін ведомстволар мен жергілікті билік желісі бойынша қосымша шараларды пысықтау керек. Тұрғындармен алдын алу жұмыстарына, бірінші кезекте, маска режимін және әлеуметтік қашықтықты сақтауға ерекше күш-жігер жұмсау қажет» деп атап өтті Е.Тоғжанов.

КАРАНТИН КЕЗЕҢ-КЕЗЕҢІМЕН ШЕГЕРІЛЕДІ

» Премьер-Министр Асқар Мамин мемлекеттік комиссияның қарауына карантин шараларын кезең-кезеңімен алып тастау жоспарын енгізуді тапсырды. Бұл туралы Үкіметтің баспасөз қызметі хабарлады.

Асқар Маминнің төрағалығымен өткен Үкіметтің селекторлық отырысында эпидемияға қарсы іс-шараларды іске асыру барысы қаралды. Денсаулық сақтау министрі Алексей Цой 10 күн ішінде Қазақстанда коронавирусының репродуктивтілігінің орташа көрсеткіші 0,92-ден 0,82-ге дейін төмендегенін баяндады. Сауығып шыққан адамдардың үлесі 73,6 пайызды құрайды, қалғандары қажетті ем-дом қабылдауда. Төсек орындарының жүктемесі 61 пайызға, жедел жәрдем шақыру көлемі 62 пайызға (3 232-ден 1 232-ге дейін) төмендеді.

«Жалпы алғанда, еліміздегі санитарлық-эпидемиологиялық жағдай тұрақты. Нәтижелер қабылданған шаралардың тиімділігін көрсетіп жатыр» дей келе, А.Мамин Денсаулық сақтау министрлігіне қалыптасқан эпидемиологиялық жағдайды ескере отырып, карантин шараларын кезең-кезеңімен алып тастау жоспарын мемлекеттік комиссияның қарауына енгізуді тапсырды.



сақтау министрлігіне қалыптасқан эпидемиологиялық жағдайды ескере отырып, карантин шараларын кезең-кезеңімен алып тастау жоспарын мемлекеттік комиссияның қарауына енгізуді тапсырды.

сақтау министрлігіне қалыптасқан эпидемиологиялық жағдайды ескере отырып, карантин шараларын кезең-кезеңімен алып тастау жоспарын мемлекеттік комиссияның қарауына енгізуді тапсырды.

КІМДЕР СЕНАТОР БОЛДЫ?

» Кеше Орталық сайлау комиссиясы Сенат сайлауының алдын-ала қорытындыларын жариялады. Сөйтіп еліміздің 17 өңірінен сайланатын депутаттардың аты-жөні белгілі болды. Сайлаудың соңғы нәтижесі 18 тамызда жарияланады.

Төлен
ТІЛЕУБАЙ

Сенат депутаттары жаңа сайлау құқығы негізінде таңдалды. Оған сәйкес, үміткерлерге облыстық, аудандық және қалалық мәслихат депутаттары дауыс береді. Дауыс беретін барлық 3 071 мәслихат депутаттарының 2 892-сі тіркеліп, Сенат депутаттарын сайлады. Сенат сайлауына 46 үміткер қатысты. Олардың ішінен тек 17 адам ғана жоғары палатаға өте алады. Кешегі сайлауда 185 бақылаушы болды. Олардың ішінде 180 адам қазақстандық бақылаушылар болса, Түркі тілдес мемлекеттерінің ынтымақтастығы кеңесінің миссиясынан бес бақылаушы келді.

Орталық сайлау комиссиясы алдын-ала мәліметіне сәйкес, Сенат сайлауында төмендегі үміткерлер жеңіске жетті: Ақмола облысынан

– Ақмола облысы бойынша ревизиялық комиссияның төрағасы Нұрлан Бекенов – 89,5%; Ақтөбе облысынан – Шалқар ауданының әкімі Бауыржан Қаниев – 89%; Атырау облысынан – «Қазақстан Петрокоммал Индустриал Инк.» ЖШС басқарушы директоры (КРІ Іпс) Сағындық Лұқпанов – 82,69%; Батыс Қазақстан облысынан – Іскер әйелдер қауымдастығының аймақтық басшысы Ләззат Рысбекова – 70,33%; Жамбыл облысынан – Жамбыл облысы әкімінің бірінші орынбасары Бекболат Орынбеков – 92,09%; Қостанай облысынан – Қостанай облысы әкімінің орынбасары Сергей Карплюк – 87,21%; Қызылорда облысынан – Nur Otan партиясының Қызылорда облыстық филиалы төрағасының бірінші орынбасары Ақмарал Әлназарова – 77,86%; Маңғыстау облысынан – «Қаражанбасмұнай» АҚ бірінші

вице-президенті Сүйіндік Алдашев – 87%; Павлодар облысынан – Павлодар мемлекеттік педагогикалық университетінің ректоры Алтынбек Нухұлы – 81,97%; Солтүстік Қазақстан облысынан – қазіргі сенатор Ольга Перепечина – 87,57%; Түркістан облысынан – қазіргі сенатор Әли Бектаев – 91,53%; Шығыс Қазақстан облысынан – Бородулиха ауданының әкімі Ольга Булавкина – 93,07%; Алматы облысынан – Алматы облыстық мәслихатының хатшысы Сұлтан Дюсембинов – 92,63%; Қарағанды облысынан – қазіргі сенатор Сергей Ершов – 83,15%; Нұр-Сұлтаннан – Сәкен Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университетінің ректоры Ақылбек Күрішбаев – 75%; Алматыдан – Медеу ауданының әкімі Сұлтанбек Мәкежанов – 100%; Шымкенттен қазіргі сенатор Айгүл Қапбарова 72% дауыс жинады.

БИЗНЕС НЫСАНДАРЫН АРАЛАДЫ

» Премьер-Министрдің орынбасары Ералы Тоғжанов Денсаулық сақтау, Мәдениет және спорт министрліктерінің, Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігі басшылығының және бас мемлекеттік санитарлық дәрігердің қатысуымен санитарлық жағдайлармен танысу мақсатында елордадағы бірқатар кәсіпкерлік нысандарды аралады.



Тексеру «Сапаржай» автовокзалына, «Артем» сауда орталығына, сондай-ақ қаладағы фитнес клубтарының біріне және қоғамдық тамақтану орындарына жүргізілді.

«Барлығы жұмысына кіруге мүдделі екенін түсінемін, бірақ қарапайым санитарлық талаптарды сақтауды сұраймын. Бизнесің жауапкершілік деңгейін түсін-

генін қалаймын» деді Ералы Тоғжанов. Елорда нысандарын аралау қорытындысы бойынша Премьер-Министрдің орынбасары мемлекеттік органдар мен мекемелердің басшыларына нақты тапсырмалар берді. Өз кезегінде кәсіпкерлер санитарлық нормалар мен қадағалау органдарының барлық нұсқауларын қатаң сақтау міндетін қабылдады.

» АСТАНАДАН АУЫЛҒА ДЕЙІН...

■ ТҮРКІСТАН ОБЛЫСЫ

Алдағы төрт жылда Түркістан облысында 9 спорттық кешен салынады. Сонымен қатар жеті мың орындық стадион мен мың орындық бассейні бар спорт кешені осы қыркүйекте беріледі. Түркістан қаласының өзінде де қала әкімдігінің тарапынан 515 млн теңгеге кіші спорт нысандары салынып жатыр.

■ ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫ

Облыс көлемінде коронавирустың таралу қарқыны тұрақталып келеді. Жаңақорған аудандық ауруханасының инфекциялық бөлімінен соңғы науқас емделіп шықты. Жергілікті дәрігерлер үйіне оралған науқастың жағдайы жақсы екенін айтады. Төменарық ауылы ауруханасындағы провизорлық стационар да жабылды.

■ АҚТӨБЕ ОБЛЫСЫ

Мұғалжар ауданында «Жұмыспен қамтудың жол картасы» бағдарламасы аясында 4 білім ордасы күрделі жөндеуден өтті. Ембі қаласындағы №2 орта мектепке күрделі жөндеу жұмыстарына 247 млн теңге бөлініп, игерілді. Құрылыста жүрген жұмысшылардың 50 пайызы аудандық жұмыспен қамту орталығы арқылы жұмысқа тартылған.

■ ҚОСТАНАЙ ОБЛЫСЫ

Облыс өңірінде 4,8 млн гектар алқапқа астық егілді. Жаздық егіс алаңы 4 млн 865 мың га құрады, бұл өткен жылдың деңгейінен 186 мың га артық. Дәнді дақылдар 85 мың гектарға ұлғайып, 4 млн 53 мың га, майлы дақылдар 640,5 мың га алқапқа себілді. Минералды тыңайтқыштарды қолдану динамикасы да өсуде.

■ ҚАРАҒАНДЫ ОБЛЫСЫ

Қарағанды облысы әкімдігінің және Қарағанды облыстық мәслихатының шешімімен Қарағанды қаласының Ленин көшесіне Абайдың аты берілді. Бұл қазақтың ұлы ақыны Абай Құнанбаевтың 175 жылдығы мерейтойын атап өту шаралардың бастысы болып табылды.

ЖҰМЫС САПАСЫ – БАСТЫ ТАЛАП

» Елорда әкімі Алтай Көлгінов «Фемида» және «Берекет» тұрғын үй кешендерінің құрылыс барысымен танысты.

«Проблемалы деп танылған үйлерге барып, атқарылып жатқан жұмыстарды бақылау құрылыстың қандай қарқынмен жүріп жатқанын көруге мүмкіндік береді. Құрылысы ұзаққа созылған үйлерде жағдай әртүрлі: бір жерде тек қазаншұңқыр ғана болса, енді бірінде үйдің қаңқасы ғана болды. Кей ғимараттарда бөлшектеу жұмыстарын жүргізіп, үй сызбасына өзгерістер енгізуді қажет етеді. Кей үйлерде 5 қабаттың орнына 9 қабат салынып, үлескерлерге сатылды.

Бүгін «Фемида» (Абат) және «Берекет» тұрғын үйлерінің құрылыс жұмыстарының барысымен таныстым. Тұрғындармен кездесулерде аталған үйлердің үлескерлері бірқатар маңызды мәселелерді көтерген болатын, олардың басым бөлігі шешілді. Инженерлік желілерді қосамыз. Үйлерді жылыту маусымына дайындау қажет. Үй құрылысы биыл аяқталады деп жоспарлап отырмыз.

Құрылысшыларға қойылатын басты талап – құрылыс жұмыстарын сапалы орындау. Аумақты абаттандырумен айналысу қажет» деп жазды Алтай Көлгінов өзінің Instagram парақшасында.



ҚҰРЫЛЫС БАРЫСЫН ҚАДАҒАЛАДЫ

» Нұр-Сұлтан қаласының әкімі Алтай Көлгінов өзінің Instagram парақшасында қаладағы инвестициялық жобалардың жүзеге асырылуы жайынан хабардар етті.



«Пандемия басталғаннан бері бірқатар қалалық кәсіпорындар медициналық маска тігуге кірісті. Өз тарапымыздан барлық қажетті көмекті

көрсетеміз. Бүгін беттұмша тігуге кіріскен тағы бір кәсіпорынның жұмысымен таныстым. Қазір бұл кәсіпорын айына 2 млн маска шығарады. Толық

өндірістік қуаты – айына 5 млн маска.

Инвестициялық кеңесте қолдау тапқан құбыр шығаратын зауыттың құрылыс барысымен таныстым. Ішкі нарықта осы материалдарға үлкен сұраныс бар. Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығын жаңғырту, жаңа нысандар салу, жерасты инженерлік желілерін ауыстыру және жиһаз фабрикасының құрылысы, т. б. кезінде қажет.

Бұған дейін инвестициялық кеңесте дәрі-дәрмектерді тарату орталығының (қоймасының), көтерме-тарату орталықтарының құрылысы да қолдау тапқан болатын. Пандемия мұндай жобалардың қажет екенін көрсетті. Әр инвестормен жұмыс істейміз. Инвестициялық кеңесте қолдау тапқан жобалардың ішінде инфрақұрылымдық, өндірістік, әлеуметтік, логистикалық және басқа да жобалар бар. Құрылыс жеке қаражат есебінен жүзеге асырылады» деп жазды қала басшысы.

МЕШІТ – ҚАЙЫРЫМДЫЛЫҚ МЕКЕНІ

» Нұр-Сұлтан қаласындағы Әзірет Сұлтан мешіті «Қалалық мүгедектер қоғамы» қоғамдық бірлестігі мен «Семей-ЯП» қоғамдық қорына қайырымдылық жасап, мұқтаж жандарға көмек қолын созды.

– Біз қоғамдық бірлестік болғандықтан, Нұр-Сұлтан қаласының жұмыспен қамту бөлімінде тіркеуде тұрған 10-ға тарта жұмыссыз азаматты жұмыспен қамтып отырмыз. Осындай қиын-қыстау кезеңде мүгедек, көмекке мұқтаж жандарға қолдау көрсетіп отырған Әзірет Сұлтан мешітінің ұжымына, бас имамы Ерболат Нұрылдаұлына алғысымызды жеткізіміз келеді. Мешіт атынан елуге тарта мүшемізге елуге тарта азық-түлік себетін таратты. Алланың

нұры жаусын! Қайырымды жандарға үлкен алғысымызды білдіреміз, – дейді «Астана қаласы мүгедектер қоғамы» қоғамдық бірлестігі мен «Семей-ЯП» қоғамдық қорының төрағасы Болатбек Әбдікәрім.

Мешіттің бас имамы Ерболат Жүсіпов қайырымдылық шарасы алдағы уақытта да жалғасын табатынын, аталған қоғамдық бірлестік пен қоғамдық қордың көмекке мұқтаж азаматтарын әркез қолдап, көмек көрсететіндерін жеткізді.



■ ШЫҒЫС ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫ

Семейде тері-былғары комбинаты қайта іске қосылды. Қазір комбинатта 60-тан астам адам жұмыс істейді. Жоғары технологиялық өнім сапалы, беріктігімен, қолайлы өзіндік құнымен ерекшеленеді. Оны жеңіл, жылы күртешелер, аяқ киім, аксессуарлар шығару үшін қолдануға болады.

■ АТЫРАУ ОБЛЫСЫ

222 атыраулық бизнес бастау үшін несие мен гранттар алды. «Еңбек» бағдарламасы аясында берілген несие мен гранттардың жалпы сомасы 600 млн теңгені құрап отыр. 3 320 адам тұрақты жұмыс орындарына, 4 600 адам қоғамдық жұмыстарға, жастар практикасына, әлеуметтік жұмыс орындарына орналастырылды.

■ АЛМАТЫ ОБЛЫСЫ

Қызылағаш алабындағы суармалы жүйелер құрылысының жаңа жобасы дайындалып, су қоймасына 20 миллион текше метр су жиналған. Бұл өз кезегінде тағы 7 мың гектар жерді суармалы сумен қамтуға мүмкіндік береді. Қазір Қызылағаш су қоймасы, өзендегі магистралды канал қайта жаңғыртылып, жұмысы толық қалпына келтірілген.

■ АЙТПАЙЫН-АҚ ДЕП ЕДІМ...

ӨЗБЕКТЕР КЕТІП ЕДІ, ЗАУЫТТАР ҚАҢТАРЫЛДЫ

Қалиакбар ҮСЕМХАНҰЛЫ

Құрылыс салдырып жатқан бір досым «жұмыс тоқтап қалды, кірпіш зауыттары жабық» деп бір тынып алды да, «солардың неге тоқтап қалғанын білесіз бе?» деп өзіме сұрақ қойды. Пандемияға байланысты десем, оның да әсері бар. Дегенмен қара жұмыс істейтін өзбектер індет жайлаған соң еліне кетіп еді, Қазақстанда көп өндіріс орны қаңырап бос қалды. «Жаңағы кірпіш зауыттары да жұмысшысының жоқтығынан тоқтап тұр. Неге соны қазақ жігіттері істемейді» деп кейіді.

Сенің келмейді. Себебі қазір жұмыс таба алмай жүрген жігіттер қаншама, «тауықсыз да таң атады», Қазақстанда қара жұмыс өзбекке ғана қарап қалмаған шығар деп ойлап, Алматыда үй салдырып жатқан танысыма хабарласып, «осындай жағдай бар ма?» деп сұрадым.

– Бар болғанда қандай. Екі айлық карантин аяқталған соң, Алматыдағы 7-8 кірпіш зауытына бардым. Бәрінің жұмысы тоқтап тұр. Өзбектер кеткен екен, қазақ жігіттер «жұмыс ауыр, жалақысы төмен» деп келмей қойыпты.

Сауда орталықтарының, әуежайлардың маңында иісмай, сағат сияқты қымбат бұйымдарды арзанға сатып жүрген жігіттерді үнемі көремін. Бірде солардың бірінен суыртпақтап сұрағанымда, өзі үлкен бір супермаркетте күзетші болып істейді екен. Қожайынның көзі тайып кетсе, әлгінің өзі жымқырып, оны сыртқа шығарып, арзанға сатады екен. «Оның не енді? Бұл ұрлық қой, тапқаныңды арамдап» десем, «аға, ауылда жұмыс жоқ. Қалада жалақы төмен, 70 мың теңгемен қатын-баламды қалай асыраймын?» дейді. Міне, біздің жігіттер аңсайтын жеңіл жұмыстың сиқы осы. Ал ауылда айына 150-180 мың теңге беріп мал бақтыратын адам таппай жүргендер жетерлік.

Қазақстанда «өзбектерге істетсең арзан істейді», «үйді өзбектер арзан салады», «екі өзбек қыруар жұмысыңды

тындырып тастайды» деген сөзді көп естіміз. Құрылыс орындарына, үй салдырып жатқандардың маңайына барсаң, түйтіндеп біреу өзбек жүреді. «Шанхай», «Артем», орталық базарда сауда жасап тұрғандардың дені – басқа ұлт азаматтары. Ал Қазақстанда өндірілген тауарлар туралы айтпай-ақ қояйық. Керек болса, іш киімге дейін Бішкек пен Бейжіңнің өнімі. Соған қарап «Құдай-ау, Қазақстанда тым құрыса іш киім тігетін 100 әйел жоқ па?» деп күйіп кетесің.

Шыңжаңдағы ұйғырларда бір қасиет бар. «Бір тамса да бикеме тамсын» дегенді өмірлік ұстаным қылған олар мүмкін болса өз ұлтының өнімін сатып алып, ұйғырлардың саудасын жүргізуге тырысады.

Қазақстанда жыл сайын ондаған өндіріс орны, зауыттар салынады. Оған мемлекет қаржылай көмек көрсеткенмен, жыл өтпей жатып соның көбі банкрот болып жабылып қалады екен. Былайша айтқанда, Қазақстанда өтірік зауыт құру да ақша жасаудың бір тәсіліне айналған сияқты. Мемлекеттің берген қаржысынан пайдаланып, өндірісті дамытайын, ауылдастарымды жұмысқа алайын деген ниет болмаған соң, орта, шағын бизнес қалай дамиды?! Оның үстіне, ішкі өндірісті дамытудан гөрі импортқа көбірек иек сүйейтін еліміз осыдан бұрын отандық өндірушілердің мүддесін қорғап, өз өнімімізді нарыққа шығаруға баса назар аударған жоқ.

«Өзбек істеген жұмысты қазақтар неге атқармайды?» десең, көп адам «қазақ жалқау» деп соғады. Бұл – ұшқары айтылған пікір. Көңіл қойса, қазақ азаматтарының қолынан келмейтін жұмыс жоқ. Қазіргі мәселе – жастардың көбі жан қинамай көп ақша тапқысы, оңай олжаға кенеліп, бір-ақ күнде миллионер атануды армандайтын сияқты. Бірақ «Еңбек етсең ерінбей, тояды қарның тіленбей» дегендей, терлемей табар тиын жоғын көп жастар ескермей бермейді. Яғни сана мен салтқа да сілкініс керек-ау...



КӨШЕЛЕР ЖАҢҒЫРТЫЛАДЫ

» Урбанистика орталығында «Еуразия» ауданын жаңғырту жоспары жасалып жатыр. Ол бойынша шағын ауданның ірі көшелері өзгеріске түсетін болады. Қоғамдық тыңдауда Сәтпаев және Петров көшелерінің қалай түрленетіні туралы айтылды.



Дәулет
АСАУОВ

Петров көшесінің тротуары тар. Урбанистика орталығының жетекшісі Елнар Базыкеннің айтуынша, көшенің тарлығы жаяу жүргіншілерге қолайсыздық тудырады. Оның үстіне көрер көзге қолапайсыз дүңгіршектер, павильондар ауданның сиқын кетіріп тұр. Әкімдік жаяу жүргіншілер жолын ретке келтіріп, тротуарды абаттандыру жоспарланған.

«Адамдардың демалуына арналған орындар болу керек. Көшеде ілінген жарнама көз қуантып тұруы тиіс. Тозығы жеткен үйлерге жеңіл-желпі жөндеу жүргізіліп, автотұрақ жасалуы қажет» деді Елнар Базыкен.

Жоспар бойынша Петров көшесінің жаяу жүргіншілерге арналған жолы 15 см-ге биіктетілетін болады. Автокөліктер оны кесіп өткенде еріксіз

жылдамдығын төмендетуге мәжбүр болады. Бұл – адамдардың қауіпсіздігі үшін жақсы.

– Жаяу жүргіншілер жолы адамдарға қолайлы болуы тиіс. Тұрғындардың 30 пайызы ерекше қажеттілігі бар адамдар, сондай-ақ қарттардың, балалардың да жағдайын ойлау керек. Еуропа қалаларында жаяулар жолы қолайлы болып салынған. Біз солардан үлгі алуымыз керек, – деді орталық жетекшісі.

Жобада көше бойымен нәрсесу көрінісін жіберу жайы да ескерілген. Сонымен қатар дүкендердің, басқа да бизнес нысандарының кіреберістері жаңадан жасалады. Қазіргі күні кәсіпкерлермен келіссөздер жүргізіліп жатыр.

«Біз кәсіпкерлерге нысандарының кіреберіс ауданын кеңейтуге мүмкіндік береміз. Дегенмен бұл нысандардың бәрінің дизайны бірдей болуы керек» деді ол.



Ал Сәтпаев көшесінің Мұңайтпасов көшесінен Момышұлы көшесіне дейінгі аралығы қайта салынатын болды. Бұл көше де тар, сондықтан ең бірінші, оның ені кеңейтіледі.

«Сәтпаев пен Мұңайтпасов көшелерінің қиылысында монша бар, оның маңында көліктер кері бұрылып кететін тұс бар. Оның ені 8 метр, ал жаяуларға арналған тротуардың ені 1 метрден аспайды. Жоба бойынша біз кері бұрылыс аумағын 5 метрге дейін азайтып, одан алынған 3 метр жерді тротуарға қосамыз» деді Елнар Базыкен.

Сәулетшілер көше бойымен жапсарластырып жаяу жүргіншілер жолын салмақшы, оған түрлі сәулет нысандары, сәкілер қойылады. Сәтпаев пен Мұңайтпасов көшелерін веложол жалғап тұратын болады.

Қазіргі кезде екі жоба да қоғамның талқылауына ұсынылған. Жобалау ағымдағы жылдың соңына дейін жасалып бітуі тиіс. Ал 2021 жылы билік көшені жаңғыртуға кіріседі.

АЙНАЛАНЫ ЛАСТАҒАНҒА – АЙЫПШҰЛ

Жадыра
ШАМҰРАТОВА

» Экологиялық құқық бұзушылықтарды анықтау, жолын кесу және экологияны жақсарту бойынша шаралар қабылдау мақсатында Нұр-Сұлтан қаласының аумағында «Таза Қазақстан» айлығы өтуде. Нұр-Сұлтан қаласы Полиция департаменті табиғат қорғау полициясы бөлімшесінің инспекторлары, учаскелік инспекторлар, патрульдік полиция полкінің қызметкерлері жедел-алдын алу іс-шараларын өткізу кезінде адамдар көп жиналатын жерлерде рейдтер ұйымдастырып, табиғат қорғау заңнамасының басқа да бұзушылықтарын анықтау бойынша шаралар қабылдауда.



Нұр-Сұлтан қалалық полиция департаменті баспасөз қызметінің хабарлауынша, елорданың сол жағалауындағы 18 жеке ұйым экологиялық бұзушылықтар үшін жауапкершілікке тартылды. Талдау көрсеткендей, негізінен экологиялық заңнаманы бұзуға құрылыс ұйымдары жол береді. Жыл басынан бері 12 нысанда осындай бұзушылықтар анықталған. Мысалы, құрылыс компаниясына іргелес аумақты уақытылы жинамағаны, жолға балшық шығарғаны үшін айыппұл салынды.

Сонымен қатар абаттандыру ережелерін бұзғаны үшін 40-тан аса жеке тұлға ҚР ӘҚБК 505-бабы бойынша әкімшілік жауапкершілікке тартылды. Көптеген ауыр жүк көліктері қарды, қоқысты, ағынды суларды, еріген су мен құрылыс қалдықтарын рұқсат етілмеген жерлерге тастап, жауапсыздық танытқан. Табиғат қорғау полициясының қызметкерлері шағын орта бизнес нысандарына іргелес аумақты ұсақ тұрмыстық қоқыстардан тазарту бойынша 100-ден аса ұйғарым берді.

КОЛЛЕДЖГЕ ЕМТИХАНСЫЗ ҚАБЫЛДАНАДЫ

» Еліміздегі карантиндік жағдайға байланысты оқу орындарына қабылдау комиссиясының жұмысына өзгерістер енгізілген. Осы орайда, Нұр-Сұлтан қаласы политехникалық колледжінің 2020-2021 оқу жылындағы қабылдау комиссиясының жұмысы таныстырылды. Шараға ҚР Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің Нұр-Сұлтан қаласы бойынша департамент басшысының бірінші орынбасары Жазира Жылқышиева, «Астана – адалдық алаңы» жобасының жетекшісі Мирас Шекенов және жоба менеджерлері мен қоғам өкілдері қатысты.

Гүлжан
АБАЙҚЫЗЫ

Бүгінде техникалық және кәсіптік білім беру ұйымына оқуға түсушілер үшін емтихан болмайды. Тек талапкерлерді қабылдауға арналған конкурс білім туралы құжатқа сәйкес міндетті және бейінді пәндердің жиынтық балының нәтижелері бойынша өткізіледі.

Политехникалық колледждің директоры Қасымхан Сенғазиев кездесуде қабылдау комиссиясының жұмысы бойынша ақпарат

беріп, карантин жағдайларында қабылдау комиссиясының жұмысы ақпараттық-коммуникациялық технологияларды пайдалана отырып жүргізіліп отырғанын айтты. Сонымен қатар, колледж сайтындағы виртуалды конкурстық комиссиямен таныстырды.

Биыл колледждерге 450 мемлекеттік грант бөлінді. Құжаттар қабылдау 2020 жылдың 20 маусымында басталды. Қабылдау комиссиясының қорытындысы бойынша бүгінгі таңда байқауға 1083 талапкер құжат тапсырған.

Колледж директорының ай-

туынша, қабылдау комиссиясының құрамында жергілікті және атқарушы органдардың, қоғамдық ұйымдардың және ата-аналар кеңесінің өкілдері мен студенттік өзін-өзі басқару ұйымы бар.

Қабылдау комиссиясының жұмысындағы тағы бір жаңашылдық – колледждің сайтында күнделікті оқуға тапсырған тұлғалардың жиынтық балы көрсетілген тізімдік құрамы жарияланып отырады. Қабылдау комиссиясының ашықтығын қамтамасыз ету мақсатында құжатта жиынтық балдың қорытындысы бойынша



талапкердің нешінші орында тұрғаны көрсетіледі. Яғни, оқуға құжат тапсырған кез-келген азамат өзінің мемлекеттік тапсырыс негізінде оқуға түсуге қаншалықты мүмкіндігі бар екенін ашық көре алады.


Кездесуге қатысқан «Астана

– адалдық алаңы» жобасының жетекшісі Мирас Шекенов бұл тәжірибені елорданың басқа колледждеріне енгізу қажеттігін атап өтті. Сонымен қатар шара барысында Политехникалық колледждегі «Саналы ұрпақ» жоба кеңсесінің жұмысы таныстырылды.

ҚАТЕЛІК ЖҮЙЕНІҢ ЖҮЙЕСІЗДІГІНЕН КЕТКЕН

» Елімізде көптеген емдеу орындары жекешелендіріп, науқастар үшін Damumed мобильді қосымшасы жұмыс істегелі екі жылдан асты. Бұл жүйе ауруханалар мен емханаларда науқастардың сағаттап кезекте тұруы және дәрігерлердің қағазбастылық қарбаласы сияқты ескі әдістерді бірте-бірте азайтып, олқылықтың орнын цифрлы қызмет түрі алмастырған еді. Биыл алты айдың ішінде Damumed-те шамамен 75,5 миллион теңгеге 11607 толықтырулар болған Міне, осындай жаңа жүйеге бетбұрыс жасап жатқанда Damumed-тен дау шықты. Осы орайда Damumed-тің бас директоры Наталья Киль сын-ескертпелерге жауап берді.

«Соңғы уақытта компания тарапына шағым айтушылардың қатары көбейіп кетті. Қателік Damumed тарапынан емес, электронды жүйенің дұрыс жұмыс жасамауынан. Мұндай мәселе бұрыннан бар екен. Бұл мәселемен Денсаулық сақтау министрлігі де таныс. Науқастардың Damumed-ке қатысты түсінбеушіліктері тек мобильді қосымша арқылы пациенттердің кері байланысының арқасында көтерілді. Бұл функция 2018 жылдан бері жұмыс істейді. Сонымен қатар пациенттер бізбен тікелей байланыс орталығы мен әлеуметтік желілер арқылы байланысқа шықты. Мұндай жағдай бірінші рет емес, біз бұл туралы медициналық ұйымдардың өкілдеріне айттық және тиісті басқару органдарына ресми хаттар жіберілді. Осы жылдың ақпан айында Денсаулық сақтау министрлігінің көмегіне де жүгіндік. Шамамен сол уақытта МӘМС қорының сұрауымен компания осы ахуалға орай сараптамадан өткен. Алайда



белгісіз пациенттердің дәрігер қабылдауында болды деген жалған көрсеткіштер тіркелгені рас. Қағазбастылықтан арылып, жаппай электронды порталға көшу кезінде амбулаториялық карталардың ауысып кетуінің салдарынан болған» деп ақталды компания басшысы. Дегенмен бұл қателікті түзету кеш емес. Тұрғындар емханаға хабарласып, мәліметтерді тез жаңартуға болады екен. Сондай-ақ компания қазіргі уақытта науқастарға осындай оқиғалар кезінде қажетті

әрекеттерді түсіндіру үшін әлеуметтік желілерде ақпараттық жұмыстар жүргізуде. Сондай-ақ Damumed компаниясының директоры егер науқас өзі туралы жазбаға күмәнданса, Медициналық сақтандыру қорына 1406 нөміріне немесе олармен тәулік бойғы байланыс орталығына +7 775 007 03 50 телефоны арқылы хабарласу керек екенін түсіндірді. Айта кетейік, Damumed қосымшасы – дәрігерге қоңырау шалып, кездесуге, кеңес алуға және тағы басқаларға мүмкіндік беретін кеңейтілген

медициналық ақпараттық жүйе.

«Бір қызығы, жалған деген жазбалардың арасында нақты дәрігерге келмегенін айтқан адамдардың қабылдауға өтініш қалдырғандары анықталған. Сондықтан әрбір жағдай тергеуді қажет етеді, мұны медициналық қызмет көрсету ережелерін сақтауға жауапты адамдар шешуі керек» дейді Наталья Киль. Осы орайда тұрғындар да ашық әрі әділ болуы маңызды. Азаматтардың белсенділігінің арқасында біз ашықтықты қамтамасыз ете аламыз, бұл жүйеде олқылықтарды тауып, оларды болашақта қайталамас үшін түзетудің маңызы зор. Денсаулық сақтау министрлігі де, МНІГ те жағдайды толығымен жоюға мүдделі» деді Денсаулық сақтау министрлігінің ресми өкілі Бағдат Қожахметов.

Сонымен бірге Бас прокуратура Damumed жүйесінде болуы мүмкін алаяқтықты тексеруді бастайтыны туралы хабарлады. Алты айдың ішінде Damumed-те шамамен 75,5 миллион теңгеге 11607 толықтырулар болған. Бұл мониторингті Әлеуметтік медициналық сақтандыру қорының мамандары жүргізді. Ендігі міндет – Damumed-ке қатысты істің ақ-қарасын анықтау.

Дайындаған
Гүлжан АБАЙҚЫЗЫ



АТАУЛЫ ӘЛЕУМЕТТІК КӨМЕК ЗАҢНАМА БОЙЫНША ТАҒАЙЫНДАЛАДЫ

» Әлеуметтік желіде осы айда 2020 жылдың II тоқсанымен салыстырғанда атаулы әлеуметтік көмек (АӘК) қысқартылғаны туралы ақпарат тарауда. 2020 жылдың екінші тоқсанында төтенше жағдай кезінде АӘК кірісті қайта есептеместен автоматты түрде тағайындалса, осы тоқсанда есептеу көзделгені туралы Жұмыспен қамту орталығы ресми ақпарат берді.

Ағымдағы жылдың шілде айынан бастап карантин шараларын сақтау аясында Нұр-Сұлтан қаласында АӘК есептеу 2 жылдың II тоқсанындағы кірісті есептеуді ескере отырып, 2 941 отбасына автоматты түрде тағайындалды. Сондай-ақ «Электронды үкімет» веб-порталының «Электронды өтініш» бөлімі немесе czaasp@astana.kz электронды поштасы арқылы өтінім жіберген 160 жаңа өтініш берушіге АӘК есептелді.

«АӘК тағайындау, төлеу және алу шарттары туралы барлық сұрақтарды 8 7172 57 88 88 – бірыңғай телефон арқылы қоя аласыз. Консультациялар әрбір өтініш берушімен жеке жүргізіледі» деп атап өтті Жұмыспен қамту орталығы мамандары.

Кеңес беру барысында АӘК тағайындау шарттары туралы толық ақпарат беріледі, атап айтқанда: отбасы мүшелерінің әлеуметтік мәртебесі, мемлекеттік органдардың ақпараттық жүйелерінен сұралатын

мәліметтер тізбесі және т.б. Сондай-ақ адамның немесе отбасының жан басына шаққандағы орташа табысы мен атаулы әлеуметтік көмек мөлшерін алдын ала есептеу жүргізіледі.

«Нұр-Сұлтан қаласының жұмыспен қамту орталығы отбасының әрбір мүшесі туралы ресми ақпаратты ғана пайдаланатынына назар аударамыз. Консультация нәтижелері бойынша азаматтар АӘК тағайындауға өтінішті «Электронды үкімет» веб-порталының «Электронды өтініш» бөлімі немесе czaasp@astana.kz электронды поштасы арқылы Нұр-Сұлтан қаласының жұмыспен қамту орталығына жібере алады» деп түсіндірді мамандар.

АӘК қолданыстағы заңнамада көзделген мерзімге тағайындалады. АӘК тағайындау, төлеу және алу шарттары бойынша төменде көрсетілген телефондар арқылы ХЖҚО мамандарына қоңырау шалып, кеңес алуға болады.

АЛМАТЫ АУДАНЫНЫҢ ТҰРҒЫНДАРЫ ҮШІН:

Назерке Нұрмахамбетова – 8 775 351 00 00,
Дана Бегайдарова – 8 747 433 71 88.

БАЙҚОҢЫР АУДАНЫНЫҢ ТҰРҒЫНДАРЫ ҮШІН:

Ақмарал Абикенова – 8 702 510 84 30,
Наргиз Етекебаева – 8 777 113 04 84.

ЕСІЛ АУДАНЫНЫҢ ТҰРҒЫНДАРЫ ҮШІН:

Гүлнара Киматова – 8 775 939 63 42,
Шарбану Каракулова – 8 705 102 22 26.

САРЫАРҚА АУДАНЫНЫҢ ТҰРҒЫНДАРЫ ҮШІН:

Нағима Ахметбекова – 8 702 583 66 43,
Асел Казизова – 8 705 423 16 84.

КАВАСАКИ ҚАУІПТІ МЕ?

» Елімізде, коронавируспен емделіп жатқан 114 баланың үшеуінен кавасаки синдромы анықталған. Олар Алматы, Нұр-Сұлтан, Петропавл қалаларында емделіп жатыр. Мамандардың мәліметінше, кавасаки дегеніміз инфекциялық аурулардың салдарынан жүрек қан тамырларының қабынуы. Яғни, негізгі қоздырғышы вирустық және бактериялық аурулар.



Кавасаки синдром белгілері инфекциялық аурумен науқастағанда немесе арада 3-4 ай өткенде байқалады. Мамандар аурудың бұл түріне коронавирустың ықпалы бар екенін жоққа шығармайды. Әсіресе, балалар арасында жиі кездесуі мүмкін. Бұл туралы Нұр-Сұлтан қаласының №3 көпбейінді қалалық балалар ауруханасының инфекционист-дәрігері Жанар Бөкенова былай дейді.

«Ең бірінші, температура ның өте жоғары болып, баланың денесінде бөртпелер пайда болады. Бетінде алақандарында, табандарында. Аяқтары ісініп, көзі қызаруы мүмкін. Бұлар – кавасакидің белгілері. Дереву дәрігерге қаралу керек.

Балалар арасында кеңінен етек алып келе жатқан ауру

туралы әлем дабыл қағуда. Мысалы коронавирустың ошағын енді ауыздықтаған Италия елі кавасаки синдромымен түскен балалардың биыл үш есе көбейгенін мәлімдеген. Ғалымдардың кейбірі коронавирус инфекциясы ересектерде тромбоз емболия тудыруы мүмкін, ал балаларда кавасаки синдромын өршітеді деген болжам жасаған. Себебі Еуропа және АҚШ-та аталмыш синдроммен ауырған балаларда ковид-19 тест нәтижесі оң болып шыққан. Кавасаки синдромын көп жағдайда дәрігерлер дұрыс анықтай алмайды. Мәселен, Марлидің демалуы өте нашарлап, дене қызуы 39 градусы көрсеткенде дәрігерлер мұны жәй суық тию деп бірнеше күн күтулерін

сұраған. Бірақ, Марлидің жағдайы өте нашарлап, тамағында жұдырықтай ісік пайда болады. Тілі де қабынып, жүрегі айнып, денесін бөртпе басады. Осыдан кейін ғана дәрігерлер диагнозын қойып, емдеу шараларына бірден кіріседі. Және 6 апта бойы баланы үздіксіз емдеумен болған. Бұл індеттің симптомдары тым көп. Аяқтың ісінуі, көздің қызаруы, диарея, құсу, дене қызуы көтеріліп, әлсіздік пен аяқ-қолда аллергия сияқты бөртпенің пайда болуы – басты белгілері. Жүрек соғысы да жиілей түседі. Мұндай жағдайда балалардың орта және кіші артериялары зақымдалады. Буындар қабынып, егер уақытылы емделмесе инфарктқа дейін ұласуы мүмкін дейді

мамандар. Сондай-ақ көбінесе 5 жасқа дейінгі балалардың шалдығатыны да белгілі болды. Ресми дерек бойынша, елімізде бұл дерт жыл басынан бері 3 баладан анықталған. Олар: Нұр-Сұлтан, Алматы және Петропавл қалаларының тұрғындары. Сонымен қатар Ақтөбеде облыстық балалар ауруханасында жатқан 5 және 15 жастағы екі баладан да кавасаки ауруына ұқсас белгілер анықталыпты. Денсаулық сақтау министрлігінің ресми өкілі Бағдат Қожахметов бұл өте сирек кездесетін ауру екенін айтты. Әзірше ауырған балалар туралы толық ақпарат жоқ. Алайда Ал Нұр-Сұлтанға ауырып жатқан баланың жағдайын дәрігерлер орташа деп бағалаған.

@NurSultanNewsBot | t.me/elordainfo

Жадыра ШАМУРАТОВА

ҚАУІПСІЗ ЕЛДІҢ ХАЛҚЫ БАҚЫТТЫ

Мысалы, Швейцарияда көшеде жүру қауіпсіз болғандықтан балаларды мектепке шығарып салудың қажеті жоқ, Сингапурде қару-жарақ пен есірткі заттарға мүлдем тыйым салынған, көшеде балағат сөз айтып, қоқыс тастап, тыйым салынған жерде темекі шеккендерге 600-1000 АҚШ долларына дейін айыппұл салынады. Жапонияда Азия елдері бойынша қылмыс жасау деңгейі төмен, Ирландияда кісі өлтіру қылмысы 100 мың адамға шаққанда – 0,88, Исландияда полиция қызметкерлерінің өзі қару ұстамайды, Данияда қауіпті аудандар деген ұғым жоқ, Кипрде жергілікті тұрғындар үйлерінің есігін түнде дө ашық қалдырады екен.

ТҮП-ТӨРКІНІ НЕДЕ?

Біз қашан жетеміз ондайға (ұрлық пен қарақшылықтан қорқып, баланы есік алдына жіберуден қауіптеніп өтуді маңдайымызға жазып қоймаған шығар)? Әдетте біз өзімізді отыз жыл бұрын КСРО шекпенінен шыққан өзіміз сияқты елдермен салыстырамыз, ал посткеңестік елдер арасындағы қылмыс деңгейінде соншалықты айырмашылық жоқ. Деректерге қарағанда, қасымыздағы Ресейде кісі өлтіру деңгейі қылмысы жоғары, қылмыстың 70-80 пайызы үйдегі зорлық-зомбылықтың салдарынан орын алады. Қылмыс деңгейіне алкогольдік көп тұтыну басты фактор ретінде аталады. Әсіресе, отбасындағы зорлық-зомбылықтың салдарынан болған кісі өлтіру пайызы жоғары немесе жауырды жаба тоқу, нақты жағдайды қымтап, бүркеп, статистика қуу жағдайлары да посткеңестік елдерге ортақ мінез. Мысалы, Өзбекстан ішкі істер жүйесінің қызметкерлері мен қарапайым өзбекстандықтардың «Озодлик» редакциясына хабарлауынша, құқық қорғау органдары азаматтардың алаяқтық фактілеріне қатысты арыздарын тіркеуді доғарған. Мұны елдегі қылмыс статистикасын азайту үшін жасап отыр дейді олар. Осы себепті де біз өзімізді әлдеқашан дамып кеткен, озық елдермен салыстыруға үйренуіміз керек. Мысалы, Жаңа Зеландияның маңына жақындай алмасақ та, неге ол елді өзімізге үлгі етпейміз? Бұл елде қылмыс индексі жылына 100000 адамға шаққанда – 0,7 пайыз, сыбайлас жемқорлық жоқ. Тәйірі, сыбайлас жемқорлық жоқ елдер де бола ма деп таңғаламыз ғой, өйткені олардың заңдары өте қатал, жемқорды аямайды, сонымен бірге кірістері жоғары. Мүмкін, олар ең төменгі жалақысы 2700-2900 АҚШ доллар болған соң пара алуға да құмар емес шығар. Бізге әйтеуір соның бәрі ертегі сияқты...

САНЫМЫЗ АЗ, ҚЫЛМЫС КӨП

Әлем елдері Орта Азия елдерін жемқорлық жайлаған, адам саудасы мен есірткі саудасын қыздырған ел деп



ҚЫЛМЫС ҚАЙТСЕ АЗАЯДЫ?

» Елінде қылмыс деңгейі аз болса деген – бар елдің арманы. Қазіргі жағдайымызда бұл арманның орындалатынына сенудің өзі қиын, бірақ дегенмен қылмысты азайтуда ауқымды жұмыс істеп, әжептәуір нәтижеге жеткен елдер бар.

таниды. Қазақстанда адам саудасы мен есірткі саудасы азаймай тұрғаны БҰҰ мінберінен де айтылады. Халықаралық ұйымның Орталық Азиядағы үйлестірушісі Деян Кесерович Ішкі істер министрі Ерлан Тұрғымбаевпен кездесуінде өткен жылы адам саудасы бойынша 116 адамның БҰҰ-ның көшіқон жөніндегі агенттігіне арыз түсіргенін мәлімдеген еді. Оның ақпараты бойынша зардап шегушілердің жасы орта есеппен 20-26-да. Олардың 70 пайызы – ер адамдар. 2004 жылдан бастап есептейтін болсақ, Қазақстанда 1500 адам саудасы тіркелген. Бірақ бұл сан нақты емес. Өйткені біз білмейтін дерек қаншама... Сонымен бірге жыл басынан бері синтетикалық есірткі саудасымен айналысып келген 4 мыңға жуық сайт бұғатталған.

Сидней университеті 2007 жылдан бері жасап келе жатқан ғаламдық бейбітшілік рейтингі бойынша елдегі қылмыс саны, саяси тұрақтылық, ішкі қақтығыстар, заң үстемдігі сияқты 23 индикатор есепке алынады. Бұл рейтингте Қазақстан ТМД елдерінің ішінде Молдовадан кейін – екінші, ал әлем бойынша 78-орында тұр. Яғни елімізде адам саны көп болмаса да, қылмыс жиі болатын елдер тізімінде бармыз. Айталық, кісі қолынан қаза тапқандар саны бойынша тізім ішінде 123 елдің ішінде 22-нші болып тұрмыз.

Бас прокуратураның жанындағы Құқықтық статистика және арнайы есепке алу комитетінің ресми сайтының мәліметі бойынша Қазақстанда жыл басынан бері 104874 қылмыстық іс тіркелген. Қылмыс деңгейін әлеуметтік құбылыс дейміз. Бұған қылмыс жасаған азаматтардың дені жұмыссыз болып шығатыны дәлел бола алады. Сондай-ақ әлеуметтік-экономикалық проблемалар да қылмыстың артуына себепші. Соңғы жылдары әйелдерге қатысты жасалған

қылмыс – 147,5 пайызға, ал кәмелетке толмаған балаларға қатысты істелген қылмыс 125 пайызға өскен.

ҚЫТАЙДА ЖЕМҚОРЛАРҒА ЖАЗА ҚАТАҢ

Посткеңестік елдер ішінде қылмыспен күресте азды-көпті жеңісі бар деп Грузияны айта аламыз. Өзіміздің қолымыздан келмеген соң да құр тамсана береміз, Саакашвили реформасы біз үшін аңыз секілді, бір түнде елдегі барлық құқық қорғау органдарын орнынан алып тастады, сол кезде қандай жағдайда да мұрттын балта шаппастай көрінетін бұрынғы жүйенің тас-талқаны шығып, жең ұшынан жалғасқан прокуратурасы да, Ішкі істер министрлігі де, қарны шығып жүре алмай қалған менттер де, қит етсе пара алуға дайын тұратын полицейлердің бәрі орындарын босатып, тіпті Грузияның Қауіпсіздік министрлігі қысқарып кетті. Саакашвилидің криминалды-коррупцияның былығына батқан жүйені өзгертіп, Ішкі істер министрлігін қайта құрмақ әрекетіне күмәнмен қарағандар жетерлік еді. Ол бар саладағы «бармақ басты, көз қыстылыққа» тосқауыл қойылса, реформа нәтиже беретініне сенді. Осы сенім бізге де керек. Жемқорлық жегі құрттай әбден күш алып, дендеген кезде ешқандай да даму туралы айтуға болмайды. Алдымен жемқорларды аямайтын заң шығарсақ, шіркін...

Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев «Президент 2.0» деректі фильмінде 1988 жылы Қытайда жемқорларға өлім жазасын орындаған сәтке куә болғанын айтты. «Бір жолы стадионда жемқорларды қалай атып жатқанын көрдім. Сұмдық әсер қалдырды. Адамдарды жүк көлігімен әкеліп түсірді, көздерін байлап қойған, тізерлеп отырғызып, оларға үкімді

оқыды, содан соң әрқайсының желкесінен атты» дейді Президент. Осындай әдіс біздің елде қолданылса кіл «шабақтар» ұстала бермей, «шортандар» да ауға түссе және олар әділ жазасын алса, әр парақор, жемқордың бас-басына қылмыстық іс қозғалып ең ауыр жазамен жазаланса, қоғамның ашықтығы, ел ретінде қарыштап даму туралы әңгіме айтуға болады.

САНАНЫ ӨЗГЕРТУ КЕРЕК

АҚШ-та «Барлық құқық бұзушылықтарға нөлдік төзбестік таныту» бағдарламасының арқасында соңғы он жылда осы елдегі зорлық-зомбылық қылмыстары 33,4 пайызға төмендеп, жалпы қылмыс 30 пайызға азайған. Соңғы жылдары әрбір ұсақ құқық бұзушылықпен аямай күресіңдер деп Елбасы да, Президент Қ.Тоқаев та Ішкі істер министрлігінің алдына құқық бұзушылықтарға мүлдем төзбеушілікті қалыптастыру туралы міндет қойды.

Сонымен бірге әлемнің көптеген елдерінде айыппұл салу қолданылып келеді. Мәселен, Англия мен Уэльсте жазалаудың тиімді тетігі ретінде 90 пайыздай қылмыс айыппұлға ұласса,

Қазақстанда бұл көрсеткіш бар-жоғы 5 пайызды ғана құрайды екен. Онша ауыр емес әрекеттер бойынша айыппұл Түркия мен Жапонияда бұрыннан қолданылып келеді.

ЦИФРАНДЫРУДЫҢ ПАЙДАСЫ ЗОР

Әрине, біздің құқық қорғау органдары мүлдем әрекетсіз отыр деуге болмайды. Соңғы 2-3 жылда технологияның, цифрандырудың жемісін көріп жатырмыз. Мысалы, ғарыштық түсірілімді қолдану АҚШ-та 10 жылдан астам мерзімде, Ұлыбританияда 2009 жылдан бері, Францияда 2013 жылдан бері жұмыс істеп келеді. Бұл мониторинг саласындағы мәселелерді сәтті шешуге, картадан жылдам бағыт-бағдар алуға мүмкіндік береді.

Ал ТМД елдерінің ішінде Қазақстан бірінші болып осы жобаны енгізді, геоақпараттық жүйелердегі ғарыштық түсірілімдер жиі қолданылады (GoogleMaps, ЯндексMaps). 2016 жылдан бастап жергілікті полиция қызметін құруға байланысты криминогендік жағдайдың картасы жасалды. Бүгінгі таңда «Қылмыстылық картасы» сервисін барлық облыс орталықтары, Нұр-Сұлтан

және Алматы қалалары, сондай-ақ 20 моноқала ұсынып отыр. Ішкі істер органдарына, әкімдерге, білім беру органдарына, сонымен қатар қарапайым интернет пайдаланушыларына қажет карта комитет сайтына орналастырылған (service.prvstat.kz). Сайтта кез келген облысты таңдап, қылмыстардың жалпы санын көруге болады.

Егер шетелдегідей ақпараттық технология жүйелерін дамыта алсақ, профилактиканы арттырып, қылмыс деңгейін төмендетуге, қоғамды криминогенді жағдай туралы ақпараттандыруға, сол арқылы азаматтардың қырағылығын жоғарылатуға болады. Сондай-ақ біздің ел – ТМД және Орталық Азия елдерінің ішінде алғашқы болып пробацанияның толық жүйесін қабылдаған ел. Бұл жерде 2019 жылдың басынан бері сотталғандардың арасында қайта қылмыс жасау 20,1 пайызға азайғанын ескерсек, нәтиже бар деуге болады. Сонымен бірге биылдан бастап көлік құралын мас күйде жүргізу, мал ұрлығы, есірткі жарнамасы және браконьерлік үшін жаза күшейтілді. Бұл да қылмыс деңгейін төмендетуде өз нәтижесін береді деген үміт бар.

БІЗДІҢ АРМАН – БҰЛ АРМАН...

Елдегі жемқорлықты жоя алсақ, қылмыс деңгейін азайта алсақ, біз де Люксембург халқы секілді риза болып өмір сүрер едік. Люксембургте жергілікті тұрғындардың жалақысы жылына 35000 АҚШ долларын құрайды. Осыдан шығар, люксембургліктер өздерінің бақыт деңгейін 10 балдық шкаланың 7,1-іне теңейтін көрінеді. Несі бар, біз де сондай тыныш, қауіпсіз өмір сүруді армандайық және соған әрекет етейік. Қауіпсіз өмір сүруге, қылмысы аз мемлекет құруға біздің мүмкіндігіміз жетеді, тек жүйені жемқорлықтан тазартып, жұмысты дұрыс жолға қою керек. Әйтпесе заң да бар, полициямыз да жеткілікті. Полиция демеуші, АҚШ-тың Bloomberg компаниясы қызық зерттеу жүргізіпті. Халқының саны 5 миллионнан асатын мемлекеттер енгізілген зерттеу бойынша әр 100 мың адамға шаққандағы полицейлер саны жөнінен Ресей – алғашқы орынды, ал Қазақстан 6-орынды иеленген.



» Қазақ мәдениеті мен руханиятында өзіндік ерекше орны, қайталанбас қолтаңбасы бар Илья Жақановты әлемді жайлаған індет сырт айналып өтпейтін деген хабар естіген соң Атырауға телефон соғып, жазушы-композитор ағамыздың жай-күйін білген едік. Дауысы жарқын, көңіл күйі дұрыс екен. Құдай қосқан қосағы – Тиышкүл апа екеуі де емделіп, сауығып шығыпты. «Ауыр дерт екен, дәрігерлерге мың алғыс!» дейді сексеннің сеңгіріне шыққан абыз ақсақал. Денсаулық пен жан тыныштығын тіледік ұжым атынан. Ол кісі қабырғасы қаланғанына отыз жыл толып отырған «Астана ақшамы» газетіндегі әріптестеріне шабыт, табыс тіледі. Алпыс жылдан асқан шығармашылық ғұмырындағы бүкіл әндерінің туу тарихын тәпсірлеген «Еділ-Жайық» деп аталатын үлкен еңбегін жазып бітіріпті. Біз бүгін Илья ағамызға қолқа салып, осы қабырғалы шығармадан бір үзкі беріп отырмыз.



СОЛ БІР ӘН...

(ЭЛЕГИЯЛЫҚ ЭТЮД)

Сұлу қыздың қос бұрымындай сылаңдап аққан екі ұлы дария – Еділ мен Жайықтың жайсаң жағасында өмірімнің ұлғайған шағында емін-еркін ғұмыр кешем деген ой қаперіме келіп пе еді, тегі... бір замандарда ата-бабаларымыз, иә, тарихтың дәл сөзімен айтсақ – ұлы батырлар – әкелі-балалы Нәрік, Шоралар жайлаған қасиетті мекенді көрмей жүріп ұз-а-ақ жылдардың аңсаулы сағынышымен жазып едім «Еділ-Жайықты». Осы ән жан-жүрегімді дәйім тебіреніске салатын іңкәрлік сезіммен әлі күнге дейін тербетумен келеді. Соның қуатты лебімен көкірегімнен қаншама әндердің қаусар лебін ақтардым. Осы әндердің ішінде «Ырғыз», «Шалқар», «Ағады Жайық ағады», «Ойыл толқыны», «Оралдың ерке самалы»... иә, бұларға қоса арнаға сыймай толып аққан Қиғаш суының бойында шығарған лирикалық «Ақмарал» әнін айтсам да жетіп артылады. Еділдің жағасында жиі болып жүрем. Еділдің керіліп жатқан кербез айданы қиялымды шарықтатып әкетеді... Алтын орда, Ноғайлы заманы елес береді... толғантады, ойды ой қозғайды, сезімге берілесің. Осындай тебіреністі сәттерде тілмен бейнелеп болмайтын бір сырлы әуез өзгеше бір әсермен жүрек қылым-

ды шерткені. Қалай ойласам да шөп басына тұна қалған таңғы шықтай мөлдірлігі әркез исіндірумен жанымды ләззатты сезіммен баурай берді. Келе-келе көңіліме әбден орнықты. Ойлы. Қоңыр лебі кең тынысты баритонды елестетеді. Осы болмысына қарап бұл әнді «Ағады Жайық, ағады» әнімнің екінші бір вариантындай сезініп жүрдім. Бір аңсаулы көңілдің жастық сыры секілді ойландырады. Осындай сәтте өзім әркез жүздесіп, сырласып жүретін Бақтықожа Ізмұхамбетовтің (дәл осы кезде Батыс Қазақстан облысының әкімі еді) қоңырлата тартқан гитара мен домбырасын, оған әдемі қосылатын сырлы үнін еске аламын...

Кейде сәттілік дегеніңіз ойда жоқта келе қалады екен. Бір жолы жолым түсіп, Орда мен Қазталовқа, Ақжайық ауданында жұртшылықпен кездесу кештерін өткізіп жүріп, енді Атырауға қайтар сапарда Оралда Бақтықожаның арнайы шақыруымен қонақ болғаным ұмытыла қоймас тегі. Бақтықожаның үйіндегі сол бір келісті отырыс... айлы аспанның астында маужыраған мақпал түнде Бақтықожа тартқан гитара үні, қоңырлата шертілген домбыра көкейімде жүрген әлгі әуезді ап-анық етіп қозғағаны. Мен ойда жоқта ыңылдап отырға-

нымды сездім, сезбедім. Бір ғажайып құбылыс бойымды толқытып, қиялымды шарықтата бастады. Жаңа әннің нобайы, сұлбасы емес, сирек бітімді келбетін көрдім. Жүрек түкпіріне әбден орныққан секілді. Мен ыңылдай бердім. Мұны сезе қойған Бақтықожа гитарамен сүйемелдеп сүйсіне тебіренді. Екеуіміз үндесе қалдық. Бақтықожа менің жүрек пернемді дәл басты. Осылайша толқып кеткені сондай: – Іл-аға, сөзімен... сөзімен, – деп гитараны жан-рахақты ғып балбыратты.

Мен не дерімді білмедім. «Сөзі жоқ» деп айтуға тіл шіркіннің де икемі келмеді. Іштей булықтырған шабыт оты қыздырды да отырды. Әнге бар жаныммен иілген Бақтықожа сол қолы гитараның діріл қаққан шетінде жатқан ақ қағазға асығыс-үсігіс:

*Жарқырап Еділ ағады,
Аралап кербез даланы.
Қайтарып ойлап
Жайыққа,
Қия алмай жігіт қарады,* – деген шумақты бірден құйылдырып десем де, мөлдіретіп десем де мені еріксіз таңғалдырып жаза салды.

Иә, таңғалғаным сондай, өзінің бір сырласқан

сәттерде: «Мен институтта Уфа қаласында оқыдым. Башқұрт ағайындардың қыз-жігіттермен бірге жүрдік, жастық романтикаға беріліп. Жақсы күндеріміз өтті ғой, шіркін! Ал бір күні оқуымызды бітіріп елге, Ақ Жайыққа қайтатын сәттерде Еділді қимай, бір жағы еділ де ойлап, тіл жетпейтін бір сырлы сезімге берілгенім есімнен кетер емес. Сіздің мына әніңіз менің сол сәттегі жан-толқуымды қозғап жіберді» деді күлімсіреп.

Әлгі шумақтан кейін Бақтықожа гитара үнін

сбірлеп атып келе жатқан таңдай ғып тамсандыра шертіп, дастарқан басында отырған біздерді мүлде ұмытқандай боп:

*Еркелеп Еділ ағады,
Думанға бөлеп жағаны.
Толқыны тербеп әсем ән,
Жайыққа кетіп барады,* – деп ғашығын аңсаған албырт жігіттің махаббатын сездіргендей болды ма, құдай-ау, мен өз әнімнің кескін-келбетін, ынтықтырған іңкәр көңілдің беймаза дітін енді ғана анық сезгендей тағы бір... тағы бір шумақ жалғанса екен деп тіледім.

Бақтықожа менің осы ойымды аңдаған жанша: – Тиыш апа, мен ойда жоқта осылай деп қалдым. Дұрыс па? Мына ән осылай дегізіп отыр. Еш секіреті жоқ, кейде өстіп лирикаға берілетінім бар. Іл-ағаның лирикалық әндері мен романстарына еш нәрсені теңгермеймін, бұл шын сөзім, – деді.

Бұған Тиыш апасы да, немерелеріміз Әйгерім мен Әлихан қуана бас изесті. Бақтықожа да екі балаға қызыға қарап: – Ой, айналайындар! – деп еміренді. Балажан екен.

Мен енді еркінсіп шешіле сөйлегім келді ме: – Осы әнді кейде іштей ыңылдағанда: «Ағады Жайық, ағады» деген әнімнің сөзімен де айтып қалатын сәттерім болады, – дедім.

Бақтықожа күлімсіреп: – Ал маған ерік берсеңіз, – деді де, гитараны сабырлы баппен шертті. Сол сәтте қоңыр көзіне ой тұнған Бақтықожа ән әуезін қаз-қалпында мөлдіретіп:

*Толқысып Еділ ағады,
Құлпыртып сай мен
саланы,
Жайыққа жеткен сол
бір ән,*

Жүректің отын жағады, – деп көзбе-көз экспромт шумақты айтып тоқтады.

О, шіркін, нұрлы дүниенің осындай сәтіне не жетеді... не жетеді. Поэзия мен музыка анықты бесік жырындай тербетті. Жантәнің, пәк көңілің қандай тап-таза боп жарқырайды! Өмірден тілейтін осындай сәт. Біз жұлдызы алыстан жымыңдаған айлы түнде осы әнмен тыныстадық та отырдық. Бақтықожа екеуіміздің діліміз бен дітіміз осылайша үйлесті.

Келе-келе бұл әнді Оралдың баритондары мен Атыраудың дуэттері үлкен концерттерде орындай бастады. Менің әндеріме қызығатын кейбір ақындар Бақтықожаның мына өлеңіне таңғала ойланып: «Ақындығы да бар екен ғой» деген сөздерді айтып қап жүрді. Ондай сәтте мен Бақтықожаның:

*Қыс болса жерді қар
басып,
Кетуін күтіп жүреміз.
Көптем де жазға жалғасып,
Келеді тағы күрең күз.*

*Өмір де солай қарасаң,
Жылаймыз, кейде күлеміз.
Төңірегінде әрқашан
Қуаныш, қайғы жүр егіз.*

*Қыс кезі, мейлі күз кезі,
Жақсылық күтіп
әр таңда.*

*Үзілмей күннің тізбегі,
Жүргеймін, достар, ортаңда!* – деп жазған бір өлеңін ойлы сезіммен, романс әуезімен айтып беретінім бар. Мұндай тебіреністі жүректен тек қана мейірім нұры тарайды екен.

Бұл – Оралда сұрапыл тасқын болған жылдың жазы...

Илья ЖАҚАНОВ,
жазушы-композитор,
Қазақстанның еңбек
сіңірген қайраткері

Сол бір ән

Әндете

Жар - қы - рап Е - діл а -
ға - ды, А - ра - лап кер -
без да - ла - ны. Қай -
та - рын ой - лап Жай - ық - қа
Қи - ял - май жі - гіт қа - ра -
ды. Қай - //ды.





АБАЙДЫҢ ҚАРА СӨЗДЕРІ –

(Жалғасы. Басы газетіміздің № 85-86, 90-93 сандарында)

ОТЫЗ СЕГІЗІНШІ СӨЗДІҢ АСТАРЫ

Абай жаратылыс пен тіршілік танымдық, Алла мен адам танымдық ой толғамдарын отыз сегізінші қара сөзінде ежіктей түсіндіреді және жалпы «қара сөздер» атты еңбектерін не үшін жазып жүргенін жария етеді.

«Ей, жүрегімнің қуаты, перзенттерім! Сіздерге адам ұлының мінездері туралы біраз сөз жазып ескерткіш қалдырайын. Ықыласпен оқып, ұғып алыңыздар, оның үшін махаббаттың төлеуі – махаббат.

Әуелі адамның адамдығы: ақыл, ғылым деген нәрселермен. Мұның табылмақтығына себептер: әуелі өзіне тән мінез-құлық пен денсаулық. Бұлар туысыңнан болады» деп басталатын сөз – Абай қара сөздерінің ішіндегі ең көлемдісі. Абай бұл сөзінде өз еңбектерінде (қара сөздерінде) жиі кездесе беретін, мысал үшін алынып отырған «қазақ» сөзі онша кездесе қоймайды.

Абай көкіректе жатқан елі мен жеріне, ұлы мен ұрпағына деген ұлы сүйіспеншілік сезімді қағазға түсіргенде, жанындай жақсы көретін өз ұлты мен «жүрегінің қуаты» сол ұлттың болашақ ұрпақтары көз алдында тұрғаны сезіліп-ақ тұр. Абайды солардың болашағы қатты толғандырады.

Отыз сегізінші сөзбен танысқаннан кейін, жалпы Абай қара сөздері туралы ерекше сезімге бөленесің.

Бұл сөздердің тек қана қазақ халқын емес, тұтас адамзат әулетін кісілік пен имандылыққа талпындыру жолында атқарып тұрған қызметін түсінгендей болған шақта, Алла Тағаланың Абайдай құлын қазақ топырағынан жаратқанына мың рақметінді айтасың.

Абайдың гуманистігі мен адам-сүйгіштігін, діні мен ділін, жаны мен сырын толық ұғынғандай боласың.

Біз төменде келтірілген Абайдың үш ауыз ой түйінін бұрын да атап өткенбіз, бұл жолы тағы да естеріңізге сала кеткіміз келіп отыр.

Біріңді, қазақ, бірің дос көрмесең, істің бәрі бос...

Адамзаттың бәрін сүй бауырым деп...

Алланың өзі де рас, сөзі де рас... Осы сөздер – саналы адамдардың өмір сүру аяқаты!

Бізден дәл бір ғасыр бұрын Абай бүкіл әлемдік ең күрделі мәселелердің түйінді жерін дөп басып, жауабын тауып айта алған!

Өйткені ол – ұлы! Ұлылар барлық уақытта басқалардан ғасырлап алда жүреді!

Ұлы Абай – ұлы елдің ұлы! Қазақ екеніңе қалай мақтан-бассың!

Абай қара сөздері – адамгершілік әліппесі!

Абай қара сөздері – кісілік қасиеттер мен ұлт болмысы туралы анықтаушы!

Абай қара сөздері – адамның жағымсыз қылықтары мен жаман қасиеттері туралы энциклопедиялық сөздік!

Абай біраз сөздерінде мысал



үшін қазақ халқын алады да, біраз сөздерінде жалпы адам баласы атағына тағылау қасиеттерді түгендейді. Тек соларды түгендеп қоймайды, олардан аулақ болу жөніндегі ой қорытындыларын келтіреді.

Абайдың осы сөзі – жаратылыс туралы трактат.

Трактат жастарға жаратылыс туралы толық түсінік береді. Адам бойындағы қасиеттердің қасиетісі – «Құдай жолы» екенін түсіндіреді. Өзін сүю – айнаға қарап, суретке табыну деп суреттейді. Ең оңбаған қасиет ретінде Абай өзімізді деген оңбаған қасиетті осылайша жек көрінішті етеді. Өзімізді деген ақылның өспейтінін ескертеді, өкінеді.

«Ақыл өссе, ол түпсіз терең жақсылыққа құмарлықпен, жаратылысқа деген махаббатпен өсер» дейді Абай.

Жаратылыс бәрін адам үшін жаратқан, бәрі адам баласына таусылмас азық дейді.

«Хайуандарды асырау үшін еті ауырмайтын» жансыздар жаратылды деп, өсімдіктерге бұрын ешкім айтпаған жаңа баға береді.

«Түпсіз терең жақсылық» деген өз сөзіне Абайдың қандай мағына бергенін кім білсін?

Бірақ ол сөздің астарында адамдардың ақылды болғысы келсе, ақылын арттыра түскісі келсе, істеген ісін, ойлаған ойын, сөйлеген сөзін ұлы махаббатқа бағындыра істеу керектігін ескертіп тұрған секілді. Абай махаббаты – ерекше зерттеуді қажет ететін түсінік.

Абай махаббаты – Аллаға деген бағынышты құлшылық болса, адамдардың бір-біріне деген бауырмалдық сезімі.

Бұл сөзде өзімізді, қаскүнемдік, надандық, еріншектік, залымдық секілді зиянды қасиеттер туралы анықтамалар беріліп және соларды болдырмаудың,

болса құтылудың жолдарын көрсеткен.

Мұсылмандар намазының, дұрыс ниетпен оқылар намаздағы әр намазханның рухани тазалығы туралы ежіктей айтылады.

Абай осы сөзіне салған ойларын болашақ «перзенттеріне» ерекше махаббат сезімін бастан кешіре отырып жазған секілді.

Бұл сөз – түгелімен жас ұрпаққа арналған сөз.

Қазақ халқының болашақ перзенттеріне, мұсылман бауырларына, адам пенделерінің болашағына арналған сөз.

Абай өз елінің болашағын, жастарын «жүрегімнің қуаты» деп атайды. Сол теңеу арқылы ол өзінің қазақ халқына деген зор махаббатын бейнелей алған.

Егер жас адам талпыныс жасаса, туысы жақсылық, содан соң жақсы орта мен жақсы ұстаз оларды ғылым-білімге, Алланы тануға, ізгілік пен рақымшыл болуға махаббаттандырмақ екен.

Бірақ жас бала өзінен-өзі оқу мен оқығанын тоқуға бейімделіп кетпейтін секілді. Есін толық өзі игергенше оларды не алдап үйретіп, не зорлап үйретіп жақсылыққа үйір ету қажет дейді.

Дін оқулары жас өскінді Алла жолына салып, Алланы мадақтады екен. Алла сол мадаққа мұқтаж емес дейді Абай. Ұстаздар сол арқылы жас жүрекке махаббат сезімін егеді. Содан барып жас жүрегі жақсы көргенін шексіз сүйіспеншілікпен сүюді үйренеді екен.

Байлық пен мансап – істеген еңбегіне, ізгі істері мен рахым қылықтарына бола адамды өзі іздеп табатын секілді. «Егер адам мал-мүлкін абырой мен атақ үшін жұмсап, өзі сондай мақсатқа табына жүріп еңбек етсе, іздесе адамның адамдығы жоғалады» дейді Абай.

...Әрбір ғалым хакім емес, әрбір хакім – ғалым.

Ол жүректің жалынын басар бірақ,

Өлсе, көрде бастырған су топырақ.

Өзі сүйіп, өзгеден сүю іздеп, Таппаған сорлы адамнан сөнер шырақ.

(М. Ю. Лермонтовтан Абай аудармасы)

Біз Абайдың төменде келтірілген бір-екі ауыз сөзін тағы да қайталай отырып, өзіміздің Абайға деген сүйіспеншілік сезімімізді сіздерге сездірмек болып отырмыз. Мүмкін, құнарлы топыраққа өсіп-өнер дән түсер!

Ықыласпен оқып, ұғып алыңыздар! Махаббаттың төлеуі – махаббат.

ОТЫЗ ТОҒЫЗЫНШЫ СӨЗДІҢ АСТАРЫ

Абай бағзы бір заманда, қазақ халқының бақыты басында, бірлік-берекесі елінде тұрған заманда, үлгілі істері мен қылықтары аңыз боп арттағы ұрпақтарына жеткен бабалар үрдісін еске түсіреді.

Сол заман туралы Абай ел көшінің ноктасы білімді мен жақсысында болғанын, береке мен бірлігі халықтың ниетінде болғанын ерекше ықыласпен еске алады.

Абай сөзінен оның сол бір ерекше замандар туралы ойланғаны, сондай заманды сағынғаны байқалады. Сондай замандарда елде ерекше екі қасиет болыпты дейді Абай.

Біріншісі – ол заманда ел билейтін ел басы болушы еді. Ел соның айтқанын орындаушы еді. Ел қамын да, жұрт дауын да сол шешуші еді. Олар шешімін ел талқыға салмай қабылдаушы еді. Сондықтан халық дау-жанжалға араласпай аман жүретін, әркім өзіне тиісті шаруасын атқаратын. Содан барып елдің бірлігі, берекесі арта түсіпті дейді.

«Бас-басына би болсаң, манар тауға сыймасың, басалқыңыз бар болса, жанған отқа күймесің» деп мақал айтып, тілеу тілеп, екі тізгін, бір жылбырды бердік саған, берген соң қайтіп бұзылмақ түгіл, жетпегеніңді жетілтемің деп, жамандығын жасырып, жақсылығын асырамын деп тырысады екен дейді.

Өзін зор тұтып, басына хан көтергесін жақсылары да азбайды екен дейді Абай.

Осындай жағап заман халқымыздың басында болды ма, болмады ма, оны бір Құдай біледі. Бірақ Абайдың сондай заманды арман етіп отырғаны ақиқат.

Екіншісі – ел намысты болыпты. Ел қамымен аталар аты аталып, аруақ шақырылған кезде күнделікті тіршіліктегі өкпе мен реніш ұмытылады екен. Ел – ел намысын, ер ұранын өз басының қамынан, өз намысынан жоғары қояды екен.

Абай соларды сағынышпен еске ала отырып, солар мінезін, қылығын өз замандастарымен салыстырады. Салыстырады да, қайда елдің сол қасиеттері деп өзіне-өзі, сол арқылы қалың жұрты қазағына наз артады. Салыстырады да, өз өкінішін білдіреді. Өкінішінің себебін де ашып айтады. Өз жұртының қазіргі заман-

дастары өз жұртының сол ерекше екі қасиетін жоғалтуға айналғанына өкінеді.

Жат жұрттан жұқты ма, әлде басқа түскесін, сол кезде елді бастар серкелерден айырылғасын ба, әйтеуір тұтас бір мінезді халық «тұрымтай тұсына, балапан басына» дейтіндей халге жетеді. Мінезі де, қылығы да өзгерді дейді Абай.

«Ендігілердің достығы – пейіл емес, алдау, дұшпандығы – кейіс емес, не күнестік, не тыныш отыра алмағандық» деп, халық болмысының өзгеріп бара жатқанын болжайды.

Біздің мына «жаһандану» атты дәуірімізде, алты миллиардтық бүкіләлемдік тұтастыққа бет алған нөпірге он-ақ миллион боп араласқан еліміз өзінің, қазақ халқының мәрттік, бір сөзділік, ізгілік, кешірімшілдік атты әлем мойындаған қасиеттерінің қайсысын жоғалтып тынарын, қайсысын аман алып шығарын?

Бәрін де аман алып шыға алса ғой, шіркін...

ҚЫРЫҚЫНШЫ СӨЗДІҢ АСТАРЫ

Абай бұл сөзінде адам мен адам арасындағы кісілік қарым-қатынаста кездесер барлық келеңсіз қылықтарды тізіп шығады.

...Сендерден бір сұрайын деп жүрген өзіне аударып алады да, – осы, біздің қазақтың өлген кісісінде жаманы жоқ, тірі кісісінде жамандаудан аمانы жоқ болатұғыны қалай? – деген сұрау қойып алып, барлығы 21 сұрақты тізіп шығады.

Бұл сұрақтарға кісі өз қасиетін бағалай отырып, жауап беріп байқаса...

Оқушы қауымда бұл сұрақтарды қайта-қайта оқып, мағынасына ой жүгіртіп, ақыл елегінен өткізіп пайымдауға жететін төзім болса...

Әр сұрақтың арқалап тұрған жүгіне жетер зерде болса...

Абай атамыздың осы сұрақтарды тізіп шығу үшін өз таныстары мен тумаластарының іс-әрекеттерінен, мінездерінен, әр танысының бойынан осы қылықтарды байқап, қағазға түсірген болар. Сол жағымсыз қасиеттер өз бауырларының қылығында, өз қандастарының бойында барлығына жан қиналысын сезіне алсақ...

Біздің заманымызда бұл сұрақтар әркімнің өз кісілігінің деңгейін анықтайтын анықтауыш, осы заманның тілімен айтқанда – «тест».

Бірінші сұрақ – жалпы сұрақ. Қалған жиырма сұраққа мектептегі бағалау үлгісімен өзіңе баға қойып (алдына қосу немесе алу таңбаларымен) өзіңді сынап қара... Өзін тестіден өткізген кісі өз жобасын шамалап қалар...

Тест қорытындысымен 100 деген бағаны қосу таңбасымен алып шықсаң, онда сен періштесің.

Егер оны алу таңбасымен алып шықсаң, онда сен сайтанның да сайтанысың...

ҚЫРЫҚ БІРІНШІ СӨЗДІҢ АСТАРЫ

Қырықыншы сөзді оқыған қазақ баласы Абай ызасын сезініп ширыға түспесе, жігерін жасытып алуы да кәдік секілді.



ӨМІР СҮРУ ҚАҒИДАСЫ

Бұл сөзді оймен оқымай, көзбен шолып шыққан шала қазақ, Абай тізіп шыққан кемшіліктер арқылы өз қылықтарын ақтап, қазақтығынан безіп кетуге де сылтау табар.

Бұл сұрақтар кез келген адам пендесі басында кездесер барлық жағымсыз қасиеттерді түгендеп берген.

Қырықыншы сөздегі (Абайдың жарым жасын құртқан да осы сұрақтарға жауап іздеу болған болар) жиырма сұрақтан кейін қырық бірінші сөздегі: «Қазақты түзеймін деген адамға не істеу керек?» деп қойылған жалғыз сұрақ бұл мәселені асқынта түскендей.

Бұрын тәрбиеге түзелмейтін пенде жоқ дегеннің тілін кеспек болған Абай енді сол тұжырымынан айнығаны ма?

Әлде қазақ намысын қайрай түсудің жаңа бір амалы ма? Біз солай деп ойлаймыз.

Қазақты түзеймін деп қам жеген адамға Абай тұжырымы бойынша зор билік пен мол байлық керек екен.

Абай заманында қазақ басында ондай кісі болуы мүмкін емес еді. Билік те, байлық та жат қолында болатын. Сол мәселені анық түсінген Абай: «Іш қазандай қайнайды, күресерге дәрмен жоқ» кейіпін киеді. Содан барып:

– Енді не қылдық, не болдық! – деп торыққандай болады.

Бұл – Абай сұрағы, Абай – қорқынышы.

Дегенмен Абай біздерге не істеу керек екенін бұрынғы сөздерінде жауап қайтарып үлгерген болатын. Біз түсінген болатымыз.

Біз не істеуші едік, Абай ата, өзіңіз айтқан кеткен надандықтан құтылу қамын жасау қажет болар. Қазақтар бойында бар деп сіз санап шыққан жағымсыз қылықтарға жеткізген надандық екен, демек, әуелі, надандықпен күресу қажет деген сөз.

Надандықтың екі түрі бар секілді. Біріншісі – оқу мен білім жетіспегеннен туындар надандық. Бұл надандық қазір жоққа жуық. Бұл заман қазақтары шетінен оқыған, білімді. Екіншісі – адамның рухани надандығы. Мұндай надандық жай қойшы басында да, атақты академик басында да кездесе береді екен.

Бұл істі өзіңіз айтқандай, қолында шексіз билігі мен байлығы бар адам іске асыра алмақ. Ол үшін ұзақ жылдарға созылар ұлттық тәрбие жұмысы қажет. Сіздің заманыңызда, Абай ата, тұтас ұлт түгіл, ру басын біріктіру мүмкін емес еді. Қолда билік жоқ еді.

Бір-бірімізді дос көре алмадық. Басымызда бостандық та жоқ еді. Қазір мүмкіндік бар. Байлық та, билік те қазақ қолында.

Бізге жетіспейтіні тек қана сіздің даналығыңыз, сол кезде анықтап кеткен ақиқатты біздің санамызға сіңістіру – қазақтарға бірін-бірі дос көру ғана қалды.

Бұл ең оңай орындалар іс болғанмен, біраз уақытты қажет ете ме деген қауіп болып отыр.

ҚЫРЫҚ ЕКІНШІ СӨЗДІҢ АСТАРЫ

Қырық екінші сөз: «Қазақтың жаманшылыққа үйір бола беретінінің бір себебі – жұмысының жоқтығы» деп басталып, адамзат

баласының (қазақ деп алынған) жұмыссыздық, кедейшілік қырсығынан туындар қулықтары мен сұмдықтары туралы айта келіп, «Ендігі жұрттың ақылы да, тілеуі де, харекеті де – осы» деп аяқталады.

Абай заманы басқаға тәуелділік заманы еді. Бұрынғы көшпелі елдің өз тағдыры, өз заңы, өз адамгершілік құндылықтары бұрмаланып, басқа ел ыңғайына көндіріле бастаған, халқымыз соған әлі бейімделіп болмаған заман еді. Сондай өздеріне түсініксіз заманға бейімделіп кете алмай жатқан адамдар сан түрлі жолмен «қарын қамын» қамдаған болар. Абай секілді ойшылар со заманда, зар заманда қазақ халқының бұрынғы құндылықтарын жоқтап, «жатып қалған тайлағының жардай атан болғанына» мақтанып, «жоғалған тоқтысының бір отар қой болатынына» сеніп, сол кездегі қазақтың адамгершілік құндылықтарын еске алған сандарға сөздері қалған. Абай әлем данышпандарын білмеді деуге кімнің ары барады. Фирдауси мен Низами сөздерін мысалға келтіріп, Сократ пен Аристотель ойларын дастанға айналдырған Абай кездесіп отырған заманына назырқап әлгі сөзді айтыпты. Абай өз заманындағы билеушілер құлық мен заман озбырлығы туралы, қазақ басына туындаған өгей заң мен қысым туралы сөз қозғамайды.

Абай бұл туралы ойланбады деймісіз, әрине, ойлаңды. Ойланбақ түгілі, ертең не боларын сезіп те кетті. Біз Жидебайда «Абай-Шәкәрім» кесенесін салып жүрген кезімізде Жидебайдағы Абай мұражайының меңгерушісі ақсақалдан естіген Абай өмірінен бір мысал келтіре кетелік.

...Абай бір топ серіктерімен келе жатып, шөбі аздау жерден шөп шауып, өнімсіз еңбек етіп жүрген бір танысына кездесіп, өз жерінен қыстық шөп жинап алуға рұқсат береді. Абайдың бұл шешімінен хабарсыз Еркежан әлгілерді қудырып тастайды. Сонда Абай Еркежанға: «Әй, Еркежан! Ертең-ақ орыстар келіп тегінді тергер, жерінді мерлер, тартып алар, сонда жаның шығып кетер ме?» деген екен. Бұл бір естелік әңгімеден біз қазақтың сол кездегі орыспен қарым-қатынасы емес, болашағын да анық болжаған Абайды танимыз.

Абай «ендігі жұрт» дегенде, бұрынғы жұртын ойламай отырды деуге болмас. Оған қазақ халқының бұрынғы бостандық заманын, елінің еңселі кезін жұрт есіне салғаннан пайда жоғын, қайта қазіргі қателерді көзге шұқып, қалай жөндеу қажеттілігі керектеу болған болуы керек.

Абай заманының суреттері, алдау мен арбау, барымта мен зорлық толқыны кеше ғана, Кеңес өкіметі құлап, Қазақстан Республикасы аяққа тұрып кеткенше басымызға қара бұлттай түнермеді ме? Оны ешкім де өтірікке шығара алмайды.

Демек, «ендігі жұрт» аталып отырғандар – басына заман тауқыметі түскен адамдар. Зорлықпен өз ғасырлар бойы өз тіршілігімен, өз тәжірибесімен елін

ел етіп келгендер біреуге бодан болған кезде, жаңаға бейімделіп кетуге де ғасырлар керек болған болар. Сол кездің ел үшін соншалықты қасірет әкелерін сезген Абай дана елін бейімдеуге тырысқан болар...

ҚЫРЫҚ ҮШІНШІ СӨЗДІҢ АСТАРЫ

«Адам ұғылы екі нәрседен: бірі – тән, бірі – жан» деп басталады Абайдың қырық үшінші сөзі.

Абай бұл сөзінде адам баласының қалай ақыл жинақтайтыны, қалай өнерлі болатыны туралы сөз етеді. Бұл сөзді оқыған адам баланың, адамның қай қасиеті туған бойда болады, қай қасиеті үйренгеннен, көргеннен бойға сіңеді, осы сұрақтар туралы жауап табады.

Кімде-кім естігеннен ғибрат, көргеннен өнеге ала білсе, сол адам ақыл жинақтайды дейді. «Құдай тағала өзі ақыл бермеген соң қайтейік?» дейтіндерді қатты сынап, олардың орынсыз Құдай тағалаға жала жабатынын, сол арқылы өзінің жалқаулығын жасырмақ болатынын мінейді.

Абай жанның да, тәннің де қуатының әу баста әлсіздеу болатынын ескертеді. Екеуі де жан мен тән иесінің жетілдіруі арқылы жетісетінін түсіндіреді. Тән қуатын жетілдіре күшті бола-сың. Жан қуатын жетілдіре жүріп өнерлі боласың. Бірақ бар нәрсеңің өлшемі бар. Өлшемсіз кетсең өзің жобадан асып кетесің де, қара басың қалың топтан орын таппайтын дәрежеге жетесің. Тән мен жанды жетілдіру қажет екені әңгіме етіледі де, бірақ оларды жетілдіру, пайдалану көпшілік қабылдаған жобамен жүргені дұрыс дейді.

Кейбір жандардың құмарпаз болып кететіні, бір нәрсеге салынып, содан бой тарта алмайтыны, «өз мүмкіндігін» бағалай алмай, қолы көтерместі беліне қыстырмаққа құмар болатыны, осының бәрі адамдардың шама деген ұғымды мойындамауынан болатынын түсіндірмекке ұмтылады.

Абайдың біраз сөзін өз күйінде келтіре кетелік.

«Және әрбір жақсы нәрсеңің өлшеуі бар, өлшеуінен асса – жарамайды. Өлшеуін білмек-бір үлкен керек іс. Ойланбақ жақсы, іске тіпті салынып кеткен кісі ойын байлай алмай, қиялы болып та кететіні болады. Ішпек, жемек, кимек, күлмек, көңіл көтермек, құшпақ, сүймек, мал жимақ, мансап іздемек, айлалы болмақ, алданбастық – бұл нәрселердің бәрінің де өлшеуі бар. Өлшеуінен асырса, боғы шығады»...

ҚЫРЫҚ ТӨРТІНШІ СӨЗДІҢ АСТАРЫ

Егер «Адамгершілік» атты дәрежеге көтерілер баспалдақ бар екен деп келіссек, Абай – сол баспалдақтың ең жоғарғы тұғырына көтеріле алған тұлға. Абай: «Адам баласының ең жаманы – талапсыздық» деп баға береді. Абай талаптының бәрін бірдей кісілік тұлпарына мінгізе қоймайды. Ер атанбаққа, қажеке атанбаққа, молдеке атанбаққа, тіпті ку еді, сұм еді атанбаққа талаптанып жүретіндерді, со-

лардың әлгідей жолға қалай түсетінін, тіпті мақсатына жету үшін «көкіректі тым тазалаймын деме, оны кім көріп жатыр» дейтіндердің де болатынын дәлелдеп береді.

Абайдың осы ойларымен таныса отырып көзіміз қара сөз әріптерінде ажыратып отырған шақта біздің көз алдымыздан кейбір кісілікті келеке етушілер мен діндар жандарды кемтар жандар қатарына қосушылар елестеп отыр.

Абайдың «көкірек тазалығы» деп атаған кісілік қасиетке қатты көңіл бөлген адам екені әр сөзінен көрініп тұр. Жалған діндарлық пен жасанды қылықтыларды имансыздар дейді. Өз байлығы мен билігін көбейту, абыройы мен атағын ұлықтату жолында дінді пайдаланушыларды Абай нағыз залымдар қатарына қосқан.

Ол дін жолындағы фанатизммен бұрмалаушылықтан сақтандырудан жалықпайды.

Абай қырық төртінші сөзінде «Адам баласының ең жаманы – талапсыздық» дей отырып, талаптылар ішінен көкірегі таза емес талаптыларға қатты шүйлігеді.

Олар ісіне: «...Бірақ адамдыққа, ақылға қарағанда, қазақ түгіл, көңіл жиіркенетұғын іс» деп қорытындылайды.

Абай қалай болғанда да, адал еңбек, көкірек тазалығы, соларды уағыздайтын сөздерді, демек адамды адам етер қылықтарды әр сөзінде ұлықтаумен болады.

Біз осы сөздің астарын «Абай «Адамгершілік» атты дәрежеге көтерілер баспалдақ бар екен деп келіссек, сол баспалдақтың ең жоғарғы тұғырына көтеріле алған тұлға» деп бастаған едік, сол сөзімізбен аяқтағалы отырмыз.

ҚЫРЫҚ БЕСІНШІ СӨЗДІҢ АСТАРЫ

Құдай табарақа уаттағаланың барлығының үлкен дәлелі – неше мың жылдан бері әркім әр түрлі қылып сөйлесе де, бәрі де бір үлкен Құдай бар деп келгендігі, уа һәм неше мың түрлі діннің бәрі де гаделет, махаббат Құдайға лайықты дегендігі.

...Біз жанымыздан ғылым шығара алмаймыз, жаралып, жасалып қойған нәрселерді сезбекпіз, көзбен көріп, ақылмен біліп.

Сонымен Абай бәрімізден бір-ақ нәрсе сұрайды:

Мұны жазған кісінің Атын білме, сөзін біл. Осы жалған дүниеден Шешен де өткен не бұлбұл, Көсем де өткен не дүлдүл, – дейді.

Осы сөз арқылы біз Абай өзінің ерекше жаратылысын сезген, мойындағанын байқаймыз. Жаратылыстың сол сыйын адам (қазақ) пенделерінің пайдасына дұрыс атқарып кетуді парыз санаған. Содан барып:

Ғылым таппай мақтанба, Орын таппай баптанба. Өсек, өтірік, мақтаншақ, Еріншек бекер мал шашпақ – Бес дұшпаның білсеңіз. Талап, еңбек, терең ой, Қанағат, рахым ойлап қой – Бес асыл іс, көнсеңіз, – дейді.

Бұл сөздер адамға қалай өмір сүрудің, іс-әрекетінде жақсы адам, толық адам атану үшін қандай асыл қасиеттерді бойына жұқтыруға тырысу, қандай-айнан қашық жүру, өзіңе-өзіңнің көңілің толып жүру бағдарламасы.

...Осы біздің қазақтың өлген кісінде жаманы жоқ, тірі кісінің жамандаудан аман жоқ болатұғыны қалай?

Әрине, Абай бұл сөздерді негізінен жеке адамдарға емес, тұтас қоғамға арнаған болар.

Абай тек қана осы бір сөйлем арқылы барлық адам пенделеріне соншалықты моральді-этикалық жүк арқалатып отыр. Аса салмақты осы философиялық ойды оқып алып: «Мен де сондаймын ба?» деп, өзінен-өзі сынақ ала алатын кісі Абай үмітін ақтап шыға алмақ...

Абайдың қара сөздері: Адам баласының саналы жаратылыс ретінде қолынан келер барлық іс-әрекеттерінің сипаттамасы;

Адамды адам етіп қалыптастыру бағдарламасы;

Адам баласының өмір сүру ережесі.

Абай қара сөздерінде: Айтылмай қалған ой жоқ; Қамтылмай қалған қылық жоқ; Сыналмай қалған мінез жоқ.

Абай әлеміне жасаған алғашқы сапарымыз аяқталған секілді. Алда ғұмыр, бойда қуат болып жатса, денде саулық, жаңда ой болып жатса мүмкін тағы да мұндай сапарға ниеттенерміз.

Не таптық? Бұрын біз қажылық сапарға жеті рет, он рет барып қайтатындарға түсіне бермеуші едік. Біз Абай әлеміне сапар жасап қайтқалы қасиетті жерге, ой ордасына қаншама рет барып қайтсаң да артық емес екеніне көз жеткізіп қайттық.

Не алып қайттық? Өзіміздің бағытымыздың, өмірге көзқарасымыздың Абай мандай түзеген бағытта екеніне сеніп қайттық.

Не байқадық? Не байқадық деген сұраққа бірден жауап бере алатын секілдіміз. Абай барлық сөзінде де кісі жаны адамгершілік сезімге бағынуын, тәні еңбек пен мал табу жолына бейімделуін, рухы Алла деп тұруын насихаттайды.

Абай о заман сұраныстарын еске сала отырып, адамдарға мал табу қажеттігін (тіршілік қамын қамдауды), малды адал еңбекпен тапқандардың жаны мен сезімі өмір бойы бостандықта болатынына көз жеткізіп береді.

Адал еңбек етіп, көкірек тазалығына қол жеткізе алғандар адамдық рухын асқақтата алады екен. Соны түсіндік.

Біз Абай әлеміне саяхат жасау – кісілік пен адамгершілік, рухани тазарыс пен сана бостандығы жолындағы ерекше бұлқыныс сапар бола алатынына көз жеткіздік.

Екі жылға созылған осы сапарымыз таза діндар мұсылманның қажылық сапармен Меккеге барып көкірегі мен рухын тазартып, сенімін нығайтып келуінен кем дәрежелі сапар емес екен-ау деп бағаларлықтай дәрежеге жеттік.

Сайын НАЗАРБЕКҰЛЫ,
Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері

ТАТУЛАСУ ОРТАЛЫҒЫНЫҢ МІНДЕТІ – БІТІМГЕ КЕЛТІРУ



Жыл басынан бері «Татуласу орталығы» 161 миллионнан астам теңгені құрайтын даулар бойынша тараптарды бітімге келтірді. Жанжал орын алған көп жағдайда тараптардың дауды шешудің баламалы тәсілдерінен бейхабар екені байқалады. Сөзсіз, жанжал туындаған сәтте, өзіңді сот қабырғасындағы айтыс-тартысқа жетелегеннен гөрі, өзара тиімді шешімге келіссөздер арқылы қол жеткізу анағұрлым жеңіл. Өйткені медиация тараптардың ерікті келісімінің, құпиялылық қағидаттардың негізінде жүзеге асырылады, бұл дауласушы тараптар үшін өзара тиімді әрі мардымды келісімге қол жеткізуге мүмкіндік береді.

Бүгінде медиация көптеген елдерде кеңінен таралған. «Медиация туралы» ҚР заңы 2011 жылдан бастап жұмыс істейді. Медиация жеке немесе заңды тұлғалар қатысатын азаматтық, еңбек, отбасылық және өзге де құқықтық қатынастардан туындайтын, сондай-ақ қылмыстық теріс қылықтар, онша ауыр емес және ауырлығы орташа қылмыстар туралы қылмыстық сот ісін жүргізу барысында туындайтын дауларға қолданылады. Айта кету керек, тараптардың бірі мемлекеттік орган болған кезде медиация

рәсімі дауларға (жанжалдарға) қолданылмайды. Бұдан басқа, медиация сыбайлас жемқорлық қылмыстар және мемлекеттік қызмет пен мемлекеттік басқару мүдделеріне қарсы өзге де қылмыстар туралы қылмыстық істер бойынша медиация рәсімі қолданылмайды.

Қазақстан Республикасының заңнама-сында дауларды шешудің өзге де баламалы түрлері көзделген (бітімгершілік келісім, медиация, партисипативтік рәсім).

2020 жылғы 7 ай мерзімде елордалық

азаматтық істерді қарауға мамандандырылған аудандық соттарда:

- медиация тәртібімен – 1259 іс;
- бітімгершілік келісімге келумен – 274 іс;

• партисипативтік рәсіммен 2 іс қаралып, аяқталды.

Бұл ретте, татуластыру рәсімдерін қолдану арқылы аяқталған істердің басым бөлігі шарттық міндеттемелерге (928 іс), неке және отбасылық қатынастар аясында (276 іс) және келтірілген залалды өтеуге (128 іс) қатысты дауларға тиесілі. Бұдан басқа, қалада өткен жылдан бері «Татуласу орталығы» жұмыс істейді. Орталықта елорда тұрғындары медиатор, адвокат және психологтың тегін қызметтеріне жүгіне алады. Мәселен, бірінші жартыжылдықта орталыққа медиативтік келісім жасау мәселесімен шамамен 1574 өтініш түскен, оның 575-і сотқа дейін реттелген. Орталықтың қолдауымен адвокаттар 282 азаматқа тегін заңгерлік кеңес берген, психологтың көмегіне 148 азамат жүгінген. Психолог сессиялары жеке және ерлі-зайыптыларға да арналып өткізіледі.


«Татуласу орталығының» медиаторлары сотқа дейінгі реттеу тәртібінде жалпы сомасы 161 миллион 165 мың 576 теңгені құрайтын даулар бойынша татуластыру рәсімдерін бекітті. Карантиннің енгізілуіне байланысты «Татуласу орталығында» азаматтардың ыңғайлылығы үшін медиаторлардың, психологтардың және адвокаттардың күнделікті тегін онлайн-кеңестері ұйымдастырылды.

Ботагөз БАЯНОВА,
Нұр-Сұлтан қалалық сотының
ақпараттық қамтамасыз ету бөлімінің
басшысы

«Сен күйзелістесің бе? Сені ешкім түсінбейді ме? Сен алдыңа қойған мақсаттарыңа жете алмайсың ба? Сенің табысты адам болғың келсе, біздің семинар-тренингімізге келіп өз өміріңді өзгертіп, табысқа кенеліп шығасың...» деген түрлі психологиялық практиктердің семинарларына шақыртуларды көріп, естіп жатамыз. Шынымен, күйзелісте жүрген адам үшін осындай мотивациялық сөздерді естіп, мүмкін өзгеріп, өмірінің мәнін тауып, табысты болуы мүмкін. Бірақ барлық жағдайларда емес. Себебі кей жағдайларда бұл деструктивті ағымдардың жетегіне кетіп қалуымен сипатталуда.

Дін адам өмірінде маңызды орын алады. Адам алғашқы қауымдық кезеңнен бастап айналадағы құбылыстардың себептерін білуге талпынған, әлем, өмір мен өлім, өмірдің мәні сияқты сұрақтарға жауап іздей отырып, ақылдан тыс бір күдіретті күштің бар екендігіне сенген.

Дін айналасындағы жан ұғымы ерте даму кезеңдердің өзінде-ақ денеден бөлек күдіретке ие түсініктер қалыптасқан. Жан дегеніміз – адамның, жан-жануарлардың (кейде өсімдіктердің де) бойындағы тіршілік қуаты. Діни дүниетанымда адамдарға жан беруші және оны алушы – Құдай. Бұл – барлық діндерге ортақ түсінік. Демек, жан иесі – Құдай. Ислам философиясында жан Алланың нұры немесе Алланың нұрынан жан пайда болады дейді. Қалай болғанда да жан адамға қатысты емес, ол Алла өмірімен болатын іс деп ұғынған. Жанның тәнге тұрақтаған кезі «жалған» өмір болса, тәннен бөлініп «ұшып» кеткен соң, ол «мәңгілік» ғұмыр кешу деп, о дүниеде жаратушы сұрақтарына жауап беретін де жан дейді. Философия тарихында жан туралы көптеген ғұламалар пікір айтқан. Мысалға Аристотель жан тәннің формасы десе, грек философы Плотин жан тәннің формасы емес, ол ақыл иесі дейді. Оның айтуынша, ақыл – тәнде емес, жанда. Ибн Сина өсімдіктер жаны, хайуанаттар жаны және адамдар жаны деп жіктеген, оның дүниетанымында «ақылсыз жан» деген түйсінік хайуанаттар жаны болса, ақылды жан иесі адам дейді. Мұндай жағдайда өсімдік жанның хайуан жанына, одан адам жанына өтуі немесе керісінше болуы мүмкін емес. Жанның бір денеден екінші денеге ауысуы



– будда дініндегі түсінік. Жан мифологияда, көркем өнерде де түрлі образдарға негіз болғаны бізге белгілі.

Жан туралы ұғымды толықтыратын ғылымның тағы бір саласы психология болып табылады. Себебі психология грек тілінен «жан туралы білім» деп аударылады, ал теориялық негіздемесіне сәйкес адамдар мен жануарлардың мінез-құлқы мен психикалық процестерін зерттейтін ғылым болып табылады. Психика – бұл тірі өмірдің пәндік әлеммен өзара байланысының жоғары түрі, олардың өз ниеттерін жүзеге асыру және ол туралы ақпарат негізінде әрекет ету қабілеттері. Психика арқылы адам қоршаған ортаның заңдылықтарын көрсетеді. Яғни психология жан туралы ғылым десек те болады, бірақ психология тәжірибесінде (практикасында) жан ұғымы тек адамның жанын емдеу деген ұғымда ғана қолданылып, қарастырылады. Мұндай екі жақтық психологтардың діни ұғымдарды тереңірек түсінуге алып келіп, дін психологиясының шығу себепкері болды.

Дін мен психологияның үйлесімдігі ретінде қарастыруымызға болатын елімізде танымалдылыққа ие болып дамып келе жатқан психо-тренингтер, семинар, курстар аз емес. Олар адам өмірін жеңілдету, яғни күйзелістер мен қиындықтарды төтеп беру үшін мотивациялар мен кеңестерді берушілер деп қарастыра аламыз. Әлем елдерінде мұндай семинар, тренингтер бізге қарағанда әлдеқайда ерте дамып, өзіңдік бір жүйеленіп, заңдастырылған болса, елімізде ондай тәжірибе мен тәжірибелі мамандардың тапшылығының әсеріне даулы мәселелерге себеп болуда. Мәселен, қандай да бір психологиялық білімі жоқ әлеуметтік желілер арқылы оқырмандарына ақыл айтып, үлгі болу тенденциясы көбіне әйел қауымына тән болып жатыр. Мұндай үлгілі мотиваторлардың өзі шетел психологтарының семинар,

тренингтерінен үйренгені қазақ дәстүрі мен дәстүрлі қазақтың діни сенімдерін исламмен ұштастырып, кейде дінге қайшы әрекеттерімен көзге түсіп жатады. Мысалға алсақ, Ж. есімді қазақстандық белгілі блогер, өзін рухани практик ретінде таныстыратын мотиватор исламдағы қазіргі өмірдің жалған екендігі туралы ұстанымды буддизмнің жанның ауысуы карма, сансара туралы түсініктерді ұластырып, бір ойға келтіріп, екі дінді де бір етіп шатастырып жатады. Рухани практик ретінде психологиялық тренинг курстарды жүргізу барысында Жанар аталмыш психологтар З.Фрейд, В.Франкл, Э.Фромм, т. б. ғалымдардың тәжірибесі мен еңбектеріне сүйенеді.

Рухани практика бұл ең алдымен адамның өзін-өзі бақылау және жеке басында болып жатқанын тек өзі ғана шешуі керек деген ұстанымнан тұрады. Елімізде психология, нумерология деген атпен тренинг курстарды өткізіп жүрген келесі Қ. есімді азаматша – елге танымал тұлға, блогер және әлеуметтік желі психологы. Мұндай танымалдылыққа ие тұлғалар өзін психолог деп айтқанмен, көпшілігі психологиялық білім иелері емес. Бірақ оған қарамастан, психо-тренингтерге халықтың белсенді қатысуын көреміз.

Мұндай «психолог-мотиваторлар» өздерінің тәжірибесін дін емес деп, ешқандай діни-нанымды дәріптемейтінін айтса да, діни тақырыптарды үстірті болсын айтып, тіпті біршама кеңестер береді. Осындай әлеуметтік желідегі танымалдылықты пайдаланып, тыңдармандарына өзіндік діндер тұрғысынан қайшылыққа толы рухани дүниені дәріптеп жатқанын тіпті өздері, сірә, байқайды.

Н.ДИХАМБАЕВ,
Нұр-Сұлтан қаласы Дін мәселелерін
зерттеу орталығының теолог-маманы

Тәуелді мінез-құлық алдыңғы ғасырлардан келе жатқан қоғамдағы өзекті мәселелердің бірі болып табылады. Психологияда оны аддиктивті мінез-құлық деп атайды. Тәуелділік екі түрге бөлінеді. Біріншісі, химиялық – токсикомания, нашақорлық және спиртке тәуелділік және т. б. Екіншісі, химиялық емес – эмоционалды тәуелділік, махаббатқа, тамаққа, теледидарға, гаджетке, ойынға, ғаламторға, діни тәуелділік және т. б. Бұл мақалада дінге тәуелділіктің психологиялық ерекшеліктері қарастырылады.

ДІНИ ТӘУЕЛДІЛІКТІҢ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Діни тәуелділік – психологиямен қатар, дін және әлеуметтану салаларының күрделі феномені болып табылады және оның негізгі зерттеу мәселесі болып, сол тәуелді тұлғаның деструктивті діни ұйымға кіріп кетуінің негізгі себептерін анықтау. Қарапайым адамның деструктивті діни ағымның адептісіне айналуының өзіне бір емес, бірнеше факторлар әсер етеді. Оны ішкі және сыртқы детерминанттар деп бөліп қарастыруға болады.

1. Ішкі детерминанттар ретінде оның индивидуалды тұлғалық ерекшеліктерін көрсете аламыз. Мәселен, тұлғаның тәуелділікке бейімділігі және виктимділік деңгейі жоғары болады.

2. Сыртқы детерминанттар ретінде адамға сыртқы әлеуметтік ортадағы виктимогендігімен тығыз байланысты. Жалпы, виктимогенділік – ол әлеуметтену барысында сыртқы объективті жағдайлардың (қауіпті орталар және т. б.) әсерінен құрбан болуға бейімділік деп сипаттауға болады.

Ғалымдардың зерттеулеріне сәйкес, деструктивті діни ағымға кіруге бірнеше психологиялық, сонымен қатар, әлеуметтік себептер әсер ететіні белгілі болды. Олардың бойында тәуелділікке және құрбан болуға бейімділік жоғары болады деп көрсетеді. Осыған сәйкес, олардың тәуелділік деңгейін анықтау мақсатында деструктивті діни ағымды ұстанушыларға психологиялық тесттер жүргізілді. Зерттеуге дәстүрлі емес ислам бағытын ұстанушы 60 адам таңдалынып алынды. Оның ішінде 36 әйел адам, 24 ер адам. Жас ерекшеліктеріне келетін болсақ, жастардың саны – 20 адам (4 ер адам, 16 әйел адам), орта жастағы ұстанушылардың саны – 38 адам (18 ер адам, 20 әйел) және кемелденген жастағы ұстанушылардың саны – 2 ер адам.

Дәстүрлі емес ислам бағытын ұстанушыларға Дж.Уайнхолдтың ортақ тәуелділік (созависимость) деңгейін анықтауға арналған тест жүргізілді. Жүргізілген тесттің нәтижесіне сәйкес:

1. Өте жоғары деңгейдегі тәуелділік – 5 адам. Гендерлік ерекшеліктеріне сәйкес, оның ішінде 3 әйел және 2 ер адам.

2. Жоғары деңгейдегі тәуелділік – 33 адам. Гендерлік ерекшеліктеріне сәйкес, оның ішінде 20 әйел және 13 ер адам.

3. Орта деңгейдегі тәуелділік – 15 адам. Гендерлік ерекшеліктеріне сәйкес, оның ішінде 13 әйел және 2 ер адам.

4. Төмен деңгейдегі тәуелділік – 7 ер адам. Гендерлік ерекшеліктеріне сәйкес, әйел адамдарда төмен деңгейдегі тәуелділік немесе контртәуелділіктің жоғары деңгейі көрінеді.

Зерттеу нәтижесіне қарай, ұстанушылардың тәуелділік деңгейі жоғары екендігін көрсетті. Зерттеуге іріктелініп алынған 60 адамның ішінде 38 ұстанушыда жоғары көрсеткішті көрсеткен. Әсіресе, ер адамдарға қарағанда әйел адамдарда тәуелділік деңгейі жоғары (23 әйел).

Мақалада көрсетілген теориялық, эмпирикалық талдауларға сәйкес, деструктивті діни ағымды ұстанушылармен тек дін мамандары ғана емес, психологтар мен психотерапевтердің көмегі өте қажет екені мәлім болды. Қазақстан Республикасының діни экстремизм мен терроризмге қарсы іс қимыл жөніндегі 2018-2022 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы аясында деструктивті діни ағымның әсеріне ұшыраудың алдын алу жұмыстары мен ұстанушыларын қоғамға қайта бейімдеу мәселелері көтерілген. Деструктивті діни ағымның әсеріне ұшыраудың алдын алу жұмыстары мен ұстанушыларын оңалту бойынша кешенді жұмыстарды қажет етеді. Кешенді жұмыстар барысында психологтар мен психотерапевтер олардың тұлғалық ерекшеліктерін ескере отырып, көмек көрсету қажет. Мысалы, діни тәуелділігі бар тұлғалардың бойында тәуелділікке бейім болса, оны басқа тәуелділікке, спортқа, шығармашылыққа, салауатты өмір сүруге деген бейімділігін ауыстыра білген жөн. Егер белгілі бір қоғамдық ортаға тәуелді болса, оны радикалды топтан, жақсы ортаға бейімдеу қажет. 2020 жылы Қазақстанда жас еріктілер жылы болуына байланысты қазіргі таңда ерікті, белсенді жастар ұйымының саны артты. Деструктивті діни ұйым ішінде де жастар саны өте көп. Осы жастарды жас еріктілер тобына қосуға, сол ортаға бейімделуіне ықпал жасау да өте тиімді.

Гүлжан МЫРЗАҚҰЛОВА

ХАЛЫҚТЫҢ ӘЛЕУМЕТТІК ЖАҒЫНАН ӘЛСІЗ ТОПТАРЫНЫҢ ТІЗІМІ

(Жалғасы. Басы газеттің №94 (4063) санында)

Азаматтардың кезектілігі 2020 жылғы 28 ақпандағы жағдай бойынша берілді.

Кезек нөмірі	Тегі	Аты	Әкесінің аты	Кезекке қойылған күні	Санат
17917	ТУРЕБЕРГЕНОВА	МАРИЯ	ТУРСУНБЕКОВНА	03.11.2019	Толық емес отбасылар
17918	ТАНТИЕВ	БАШИР	ДЖАБРАИЛОВИЧ	03.11.2019	Толық емес отбасылар
17919	АКШАЛОВА	ИНДИРА	АЙТМУХАНБЕТОВНА	03.11.2019	Мүгедек балалары бар немесе оларды тәрбиелеуші отбасылары
17920	САБДИНА	АСЕЛЬ	КАЛИЕВНА	03.11.2019	Мүгедек балалары бар немесе оларды тәрбиелеуші отбасылары
17921	БАКИРОВА	АКНУР	АРИСТАНБЕКОВНА	03.11.2019	Толық емес отбасылар
17922	БАЙБУЛИНА	ЗИБАШ		03.11.2019	1 және 2 топтағы мүгедектер
17923	МАУТХАНОВА	АНАР	СЕРИКГАЛИЕВНА	03.11.2019	Толық емес отбасылар
17924	ЕЛЬШИБЕКОВА	БАХЫТ	КАИРАТОВНА	03.11.2019	1 және 2 топтағы мүгедектер
17925	КОНУС	ГУЛАЙ	ЭРГАШКЫЗЫ	03.11.2019	1 және 2 топтағы мүгедектер
17926	ЕРМУРАТОВА	ЛАНАГУЛ	МАРАТКЫЗЫ	03.11.2019	Толық емес отбасылар
17927	НИГМАДЗІНОВА	ДИАНА	АМИРГАЛИЕВНА	03.11.2019	Мүгедек балалары бар немесе оларды тәрбиелеуші отбасылары
17928	БАЙДРАХМАНОВА	МЕЙРАМКУЛ	ЖУМАБЕККЫЗЫ	03.11.2019	Мүгедек балалары бар немесе оларды тәрбиелеуші отбасылары
17929	ДУИСЕНОВА	ФАРИДА	ЕШМАХАНОВНА	03.11.2019	Жасына қарай зейнет демалысына шыққан зейнеткерлер
17930	КУШЕНОВА	МЕРУЕРТ	ОТАРОВНА	03.11.2019	Мүгедек балалары бар немесе оларды тәрбиелеуші отбасылары
17931	КУРБАНОВА	ШОЛПАН	АСАНОВНА	03.11.2019	1 және 2 топтағы мүгедектер
17932	КАРТАБАЕВА	АЙНУР	АМАНГЕЛЬДИЕВНА	03.11.2019	Толық емес отбасылар
17933	СЕНГІРБАЕВА	МАИРА	РУСТЕНОВНА	03.11.2019	Толық емес отбасылар
17934	ДАЙРОВА	БАХЫТ	ОДЖАБАЕВНА	03.11.2019	Толық емес отбасылар
17935	ТЛЕУМБЕТОВА	НАЗИРА	АЛДЕШОВНА	03.11.2019	Толық емес отбасылар
17936	КУСАЙНОВА	ЖАНАР	БАЙЖАНОВНА	04.11.2019	Толық емес отбасылар
17937	РАЙМБЕКОВА	САБИРА	АКЫЛБЕКОВНА	04.11.2019	Толық емес отбасылар
17938	АБДЕНОВ	ТЛЕУЖАН		04.11.2019	1 және 2 топтағы мүгедектер
17939	УМЕРБАЕВА	ДИЛЯРА	ЕРДЕНОВНА	04.11.2019	Толық емес отбасылар
17940	АЛДАБЕРГЕНОВА	МАРЖАН	КАИРЛБЕКОВНА	04.11.2019	1 және 2 топтағы мүгедектер
17941	АЯГАНОВ	ТЛЕКТЕС	СЕРКЕНБАЕВИЧ	04.11.2019	1 және 2 топтағы мүгедектер
17942	НАЗАРОВА	ЖАЗИРА	АРАПБАЕВНА	04.11.2019	Толық емес отбасылар
17943	КАРИБЖАНОВА	АМАНГАИША		04.11.2019	Жасына қарай зейнет демалысына шыққан зейнеткерлер
17944	ТУРАПОВА	ДАНА	АБДИГАНИЕВНА	06.11.2019	Толық емес отбасылар
17945	АБДУЛІМАНОВА	АНЖЕЛА	ИЛЬЯСОВНА	06.11.2019	Толық емес отбасылар
17946	ЗОРИНА	ЕКАТЕРИНА	НИКОЛАЕВНА	06.11.2019	Толық емес отбасылар
17947	ТУРОПОВА	ЗАРИНА	МУРАТКЫЗЫ	06.11.2019	1 және 2 топтағы мүгедектер
17948	РЫМБЕКОВА	САЙДУГАШ	РЫМБЕККЫЗЫ	06.11.2019	1 және 2 топтағы мүгедектер
17949	ЖИДКОВА	ЛАЗЗАТ	АУТАНҚЫЗЫ	06.11.2019	Толық емес отбасылар
17950	БАЛГАБАЕВА	ПЕРИЗАТ	КАНЫБЕКОВНА	06.11.2019	Мүгедек балалары бар немесе оларды тәрбиелеуші отбасылары
17951	ЗУЛБЕКОВА	АЙЖАН	ЗУЛБЕККЫЗЫ	06.11.2019	Толық емес отбасылар
17952	СВЕТЛИЧНАЯ	ОКСАНА	ЛЕОНИДОВНА	06.11.2019	Толық емес отбасылар
17953	АКПАЙПАНОВА	КАЛИМАШ	БАИМАГАНОВНА	06.11.2019	1 және 2 топтағы мүгедектер
17954	ШАХМЕТОВА	ВЕНЕРА	ГАЛИЕВНА	06.11.2019	Мүгедек балалары бар немесе оларды тәрбиелеуші отбасылары
17955	АЙТЖАНОВА	НАЗЕРКЕ	ҒАЛЫМҚЫЗЫ	06.11.2019	Толық емес отбасылар
17956	БАТЫРХАН	АЙНУР	ТӨЛЕБАСЫҚЫЗЫ	06.11.2019	Толық емес отбасылар
17957	КЕНЖЕБЕКОВА	ДИНАРА	АРМАНОВНА	06.11.2019	Толық емес отбасылар
17958	СТРЕЛЬСКАЯ	КРИСТИНА	ВЛАДИМИРОВНА	06.11.2019	Толық емес отбасылар
17959	НУРУМБАЕВА	САВАТКУЛ		09.11.2019	Жасына қарай зейнет демалысына шыққан зейнеткерлер
17960	ТУРСЫНБАЕВА	САПАРАЙМ	КУВАНЫШБАЙКЫЗЫ	09.11.2019	Мүгедек балалары бар немесе оларды тәрбиелеуші отбасылары
17961	САРТАЕВА	ЖАНСЛУ	БАЗАРХАНОВНА	09.11.2019	Толық емес отбасылар
17962	ЖАРМАНОВА	АЙНУР	НАТАБЕКОВНА	09.11.2019	Толық емес отбасылар
17963	АБИЛОВ	АНУАР	МАЙТАНОВИЧ	09.11.2019	Жасына қарай зейнет демалысына шыққан зейнеткерлер
17964	АДИКАНОВА	ДАНА	АМАНЖОЛДАНОВА	09.11.2019	Толық емес отбасылар
17965	КАКЕНОВ	КАЛИ	КАКЕНОВИЧ	09.11.2019	1 және 2 топтағы мүгедектер
17966	ЖАКСЫЛЫКОВА	САЛТАНАТ	САРСЕНБАЕВНА	09.11.2019	Толық емес отбасылар
17967	САРСЕНБЕКОВА	НУРГУЛЬ	АСКАРОВНА	09.11.2019	1 және 2 топтағы мүгедектер
17968	ИЛЬЯСОВА	АНАР	ТЛЕУТАБЫЛДАНОВА	09.11.2019	Толық емес отбасылар
17969	АМАНБЕКОВА	БАЯН	КУВАНЫШЕВНА	09.11.2019	Мүгедек балалары бар немесе оларды тәрбиелеуші отбасылары
17970	ХАМРАКУЛОВА	ФЕРУЗА	САИДУЛЛАЕВНА	09.11.2019	Толық емес отбасылар
17971	НАРЫМБАЕВА	ЖУЛДЫЗ	БАЙБОЛАТКЫЗЫ	09.11.2019	Толық емес отбасылар
17972	КУТВАРОВА	ЕЛЕНА	ЖАКСЫЛЫКОВНА	09.11.2019	Толық емес отбасылар
17973	БЕГНИМБЕТОВА	ГУЛБАХРАМ	ЕСЕНОВНА	09.11.2019	Толық емес отбасылар
17974	АКПАРОВА	МЕРЕЙ	КИШИПЕЛИЕВНА	09.11.2019	Мүгедек балалары бар немесе оларды тәрбиелеуші отбасылары
17975	АЗИЕВА	МАДИНА	МУРАТБЕКОВНА	09.11.2019	Мүгедек балалары бар немесе оларды тәрбиелеуші отбасылары
17976	ОМАРОВ	ГАБИТ	ИМЕКЕНОВИЧ	09.11.2019	Жасына қарай зейнет демалысына шыққан зейнеткерлер
17977	БАРЛЫБАЕВ	ЗЕЙНЕЛГАБИДЕН	МАҒАУОВИЧ	09.11.2019	Жасына қарай зейнет демалысына шыққан зейнеткерлер
17978	ТЕМЕРОВА	ТУРСЫН		09.11.2019	Жасына қарай зейнет демалысына шыққан зейнеткерлер
17979	АЛИБАЕВА	АЙЖАН	ЖУМАХАНОВНА	09.11.2019	Толық емес отбасылар
17980	ОНАЛБЕКОВА	ЛАЗЗАТ	ДЮСЫМБЕКОВНА	09.11.2019	Толық емес отбасылар
17981	ФИЩУК	АЛЛА	ГРИГОРЬЕВНА	09.11.2019	Мүгедек балалары бар немесе оларды тәрбиелеуші отбасылары
17982	УМЕРСЕЙТОВ	ЕРНАИМ	САБИРОВИЧ	19.11.2019	1 және 2 топтағы мүгедектер
17983	ГУЛЕУБЕКОВА	РЫСТЫ	МУРАТОВНА	19.11.2019	Толық емес отбасылар
17984	ЛАЗАРЕВА	ТАТЬЯНА	АЛЕКСАНДРОВНА	19.11.2019	Толық емес отбасылар
17985	ЖАКСЫБАЕВА	ГУЛЬНАЗ	АЛТАЕВНА	19.11.2019	Толық емес отбасылар
17986	ТЕН	АЛМА	ИБАДИЛЬДАЕВНА	19.11.2019	Жасына қарай зейнет демалысына шыққан зейнеткерлер

17987	ДУИСЕМБЕКОВА	ФЕРИЗАТ	МЕРЕЙОВНА	19.11.2019	Толық емес отбасылар
17988	БОХАТОВА	ЖАЗИРА	БАХТИЯРОВНА	19.11.2019	Толық емес отбасылар
17989	ТЕМБЕКОВА	ИНКАР	МАРАТОВНА	19.11.2019	Толық емес отбасылар
17990	АБДУЛЛАЕВА	АЙНИСАМ	ТУРГОНОВНА	19.11.2019	Толық емес отбасылар
17991	МОЛДАГАЛИЕВА	АЗАТКУЛ	ИМАНАЛИЕВНА	19.11.2019	1 және 2 топтағы мүгедектер
17992	ЕРМЕКБАЙ	СӘУЛЕ	ҚОШҚАРБАЙКЫЗЫ	19.11.2019	1 және 2 топтағы мүгедектер
17993	САҚТАГАНОВА	ДИНАРА	АБДУКАХАНОВНА	19.11.2019	Толық емес отбасылар
17994	НУРЖАНОВ	АМАНЖОЛ	НУРЫЗОВИЧ	19.11.2019	1 және 2 топтағы мүгедектер
17995	АХМЕДЖАНОВ	ЕРМЕК	ОСПАНОВИЧ	19.11.2019	1 және 2 топтағы мүгедектер
17996	ҚУАТОВА	БАҚЫТ	ТҮЛЕГЕНОВНА	19.11.2019	Толық емес отбасылар
17997	ИСАКОВА	АЙГУЛЬ	АКАНОВНА	19.11.2019	Толық емес отбасылар
17998	ЖАНБОСЫНОВ	ХАЛИХАН	ШАЙМЕРДЕНОВИЧ	19.11.2019	1 және 2 топтағы мүгедектер
17999	АЛДАБЕРГЕНОВА	РАЙХАН	ЕРЖЕПОВНА	19.11.2019	1 және 2 топтағы мүгедектер
18000	АДАМБАЕВА	ЖАНҒЫЛ	БЕКМУХАМБЕТОВНА	19.11.2019	Толық емес отбасылар
18001	ТҮЛЕПОВ	БАКТИЯР	СМАДИЯРОВИЧ	19.11.2019	Мүгедек балалары бар немесе оларды тәрбиелеуші отбасылары
18002	АЛЖАНАНОВА	ЖАННА	МАРАТОВНА	19.11.2019	Толық емес отбасылар
18003	ТЛЕУБАЕВА	АЛМА	АМАНТАЕВНА	19.11.2019	Толық емес отбасылар
18004	ЫСҚАҚ	ҰЛЖАЛҒАС	ӘБДУЛЛІМҚЫЗЫ	19.11.2019	Толық емес отбасылар
18005	РАХИМБЕКОВА	ТОЛҚЫН	ИМАНБЕРЛИЕВНА	21.11.2019	Мүгедек балалары бар немесе оларды тәрбиелеуші отбасылары
18006	ТУРАПОВА	СЕВАРА	АБДУЖАППАРОВНА	21.11.2019	Толық емес отбасылар
18007	НУРЖАНОВА	МАДИНА	ТАТЕЕВНА	21.11.2019	Толық емес отбасылар
18008	ШАТАТОВ	ҒАЛЫМ	САРКЕНОВИЧ	21.11.2019	Жасына қарай зейнет демалысына шыққан зейнеткерлер
18009	ОСПАНОВА	ДИНАРА	НУРЫМОВНА	21.11.2019	Толық емес отбасылар
18010	АХМОЛДИН	ТАЛПАТ	МУХТАРХАНОВИЧ	21.11.2019	Ұлы Отан соғысының мүгедектері мен қатысушыларына телестірілген адамдар
18011	РАХИМБЕКОВА	ФАРИЗА	НИЯЗБЕККЫЗЫ	21.11.2019	Толық емес отбасылар
18012	МУХАМЕДЖАНОВА	ЖАНАР	РАМАЗАНОВНА	21.11.2019	Толық емес отбасылар
18013	МИРЗАМУРАТОВА	ГУЛЬШАТ	ОМАРОВНА	21.11.2019	Толық емес отбасылар
18014	АЛДИЕВА	АЙСҮЛҮ	АЛИМОВНА	21.11.2019	Толық емес отбасылар
18015	ШИРИНБЕКОВА	ЖАНАРА	МОСКУБЕКОВНА	21.11.2019	Толық емес отбасылар
18016	МУХАМБЕТОВА	АСЕЛЬ	МАЖИТОВНА	21.11.2019	Толық емес отбасылар
18017	ШУНШОЛИНА	АЙЗАДА	ШАЛАБАЕВНА	21.11.2019	Толық емес отбасылар
18018	ИЛЬЯСОВА	ЖАМАЛ	БЕЙСЕНБАЕВНА	21.11.2019	Толық емес отбасылар
18019	АБИШЕВА	ДИНА	МАНАСОВНА	21.11.2019	Толық емес отбасылар
18020	ТАСБОЛАТОВА	НУРГАН	КҰРБАНОВНА	21.11.2019	Толық емес отбасылар
18021	САЛПЕНОВА	ЛЯЗЗАТ	КАСЫМКАНОВНА	21.11.2019	Толық емес отбасылар
18022	АУЭСХАНҚЫЗЫ	ДИНА		21.11.2019	Толық емес отбасылар
18023	АШЫРОВА	БИНҰР	ҚАНАТОВНА	21.11.2019	Толық емес отбасылар
18024	КОЖАХМЕТОВА	НУРГУЛЬ	ДАУТОВНА	21.11.2019	Толық емес отбасылар
18025	КОПЖАСАРОВА	НАЗИРА	КАРАКУЛОВНА	21.11.2019	Толық емес отбасылар
18026	ЛЕБАЕВА	КУРАЛАЙ	КАЛДЫБАЕВНА	21.11.2019	Толық емес отбасылар
18027	КАЖЫБЕК	БАҚЫТГҮЛ		22.11.2019	Толық емес отбасылар
18028	САЙЛЫБАЕВА	АСЕЛЬ	ОРАЗГАЛИЕВНА	22.11.2019	Толық емес отбасылар
18029	АПЕНОВА	АЛИЯ	АБИШЕВНА	22.11.2019	Толық емес отбасылар
18030	ТУРЬМБЕТОВА	МОЛДИР	КЕНЕСБАЕВНА	22.11.2019	Толық емес отбасылар
18031	КАБЫКЕНОВА	МЕРУЕРТ	КАБЫЛДИНОВНА	22.11.2019	Толық емес отбасылар
18032	БЕКТАСБАЕВА	ГУЛИМ	КУШЫМБЕКОВНА	22.11.2019	Мүгедек балалары бар немесе оларды тәрбиелеуші отбасылары
18033	НУРКЕЕВА	МЕРУЕРТ	САРСЕНБАЕВНА	22.11.2019	Толық емес отбасылар
18034	ДЮСБЕКОВА	АЛМА	КАРБАЕВНА	22.11.2019	Мүгедек балалары бар немесе оларды тәрбиелеуші отбасылары
18035	УТЕПОВ	ҚАДЫРБЕК	МАСАЛОВИЧ	23.11.2019	1 және 2 топтағы мүгедектер
18036	АБДЫКАРИМОВА	АСЕЛЬ	МАРАТОВНА	23.11.2019	Толық емес отбасылар
18037	ТУРСУМБАЕВА	ВАЛЕНТИНА	СЕРГЕЕВНА	23.11.2019	Мүгедек балалары бар немесе оларды тәрбиелеуші отбасылары
18038	ДРОЗДОВА	ВИКТОРИЯ	ВИКТОРОВНА	23.11.2019	Толық емес отбасылар
18039	ТАУКЕЕВА	КАУКАР	ЗИЯДИНОВНА	23.11.2019	Жасына қарай зейнет демалысына шыққан зейнеткерлер
18040	АЙМАНОВА	ГУЛЬЗИРА	МЕРЕКЕЕВНА	23.11.2019	Мүгедек балалары бар немесе оларды тәрбиелеуші отбасылары
18041	АЛТАЕВА	МАРЖАН	ТУРГАНЖАНОВНА	23.11.2019	Толық емес отбасылар
18042	КАБИЛЬДИНОВА	АЙМАГҮЛ	УАХИТОВНА	23.11.2019	Толық емес отбасылар
18043	ТЕНЕБАЕВ	РУСТАМ	НИКОЛАЕВИЧ	23.11.2019	1 және 2 топтағы мүгедектер
18044	СЫЗДЫКОВА	ГУЛҒАКҒЫ	СЕРІКБОЛҚЫЗЫ	23.11.2019	Толық емес отбасылар
18045	АБДРАХМАНОВА	АЗЕЛЬ	ХАМЗИЕВНА	23.11.2019	Мүгедек балалары бар немесе оларды тәрбиелеуші отбасылары
18046	СУИНДИКОВА	ДИНАРА	ГВДУЛЛАШИМОВНА	23.11.2019	Толық емес отбасылар
18047	ЖАННАТЫРОВА	ДИНАРА	БАЛТАШЕВНА	23.11.2019	Толық емес отбасылар
18048	ШАЙХИСЛАМОВА	ПЕРУЗА	ЖАРЫЛХАНОВНА	23.11.2019	Толық емес отбасылар
18049	БЕКТҮБАЕВ	ОИРАТ	МАКСУТОВИЧ	23.11.2019	1 және 2 топтағы мүгедектер
18050	АБАЕВА	ЖАННУР	ЗАРҒЫНОВНА	23.11.2019	Толық емес отбасылар
18051	ЖАЗИБЕКОВА	АКНИЕТ	ЖАНСЕРИКОВНА	25.11.2019	Мүгедек балалары бар немесе оларды тәрбиелеуші отбасылары
18052	УТЕУОВА	НЕЛЛИ	ЖУСУПОВНА	25.11.2019	Толық емес отбасылар
18053	ДЮСЕНОВА	КАРИБЕК	КАСЫМБЕКОВИЧ	25.11.2019	1 және 2 топтағы мүгедектер
18054	УСЕНБАЕВА	БАҚЫТ	ТУРҒЫНОВНА	25.11.2019	Толық емес отбасылар
18055	ГОЛОВУЕВА	ТАТЬЯНА	ПЕТРОВНА	25.11.2019	Мүгедек балалары бар немесе оларды тәрбиелеуші отбасылары
18056	ОРАЛ	ӨМІР	ЖАНАТҮЛЫ	25.11.2019	1 және 2 топтағы мүгедектер
18057	ШАЖАЛИЕВА	ДИЛЬНОРА	ШАМУРАТОВНА	25.11.2019	Толық емес отбасылар
18058	МАТАНЦЕВА	АЛЕНА	ЛИМТРИЕВНА	25.11.2019	Толық емес отбасылар
18059	МАКАШЕВА	АЛМАГҮЛ	САБЫРХАНОВНА	25.11.2019	Мүгедек балалары бар немесе оларды тәрбиелеуші отбасылары
18060	АЗКЕН	АҚӨПЕ	ҚОЙКЕЛДІКЫЗЫ	25.11.2019	Толық емес отбасылар
18061	КОРОТКОВ	АЗАМАТ	СЕРИКОВИЧ	25.11.2019	1 және 2 топтағы мүгедектер
18062	НУРМАНОВА	АЙНУРА	САШЕВНА	25.11.2019	Толық емес отбасылар
18063	СЛЯМБЕКОВА	АНДРА			

@NurSultanNewsBot | t.me/elordainfo

Table with 5 columns: ID, Surname, Name, Date, and Description. Rows include ISKAKOVA DINA, SERZHANOVA BAGIRA, NURSAIPANOVA ALMAGUL, etc.

Table with 5 columns: ID, Surname, Name, Date, and Description. Rows include SVRТАЕВА АКУЛЬ, ОСПАНОВА АЛИЯ, ИЗТЕЛЕУОВА ФАТИМА, etc.

Table with 5 columns: ID, Surname, Name, Date, and Description. Rows include АРГЫНБЕКОВА ЗУЛФИЯ, ДОСМАГАМБЕТОВА ШОЛПАН, АБДИЕВА ГУЛЬМАРАЛ, etc.



Table with columns: ID, Surname, Name, Date of Birth, Date of Appointment, Position. Rows 18368-18431.

Table with columns: ID, Surname, Name, Date of Birth, Date of Appointment, Position. Rows 18432-18493.

Table with columns: ID, Surname, Name, Date of Birth, Date of Appointment, Position. Rows 18494-18556.

МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТШІЛЕР, БЮДЖЕТТІК ҰЙЫМДАРДЫҢ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІ, ӘСКЕРИ ҚЫЗМЕТШІЛЕР, ҒАРЫШКЕРЛІККЕ КАНДИДАТТАР, ҒАРЫШКЕРЛЕР, АРНАУЛЫ МЕМЛЕКЕТТІК ОРГАНДАРДЫҢ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІ ЖӘНЕ МЕМЛЕКЕТТІК САЙЛАНБАЛЫ ҚЫЗМЕТ АТҚАРАТЫН АДАМДАРДЫҢ ТІЗІМІ

Азаматтардың кезектілігі 2020 жылғы 28 ақпандағы жағдай бойынша берілді.

Table with columns: Queue No., Surname, Name, Date of Birth, Date of Appointment, Position. Rows 1-3.

Table with columns: Queue No., Surname, Name, Date of Birth, Date of Appointment, Position. Rows 4-7.

Table with columns: Queue No., Surname, Name, Date of Birth, Date of Appointment, Position. Rows 8-11.



ҚАЗАҚСТАН ҰЛТТЫҚ БАНКІ

«АВАІ. 175 ЖҮЛ» коллекциялық монеталарын айналысқа шығару туралы

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Орталық филиалы (Нұр-Сұлтан қаласы) Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі 2020 жылғы 10 тамызда номиналы 500 теңгелік күмістен, номиналы 100 теңгелік мельхиор қоспасынан және номиналы 100 теңгелік нейзильбер қоспасынан «Есте қалатын оқиғалар мен біртуар адамдар» сериясынан «АВАІ. 175 ЖҮЛ» коллекциялық монеталарын айналысқа шығарды. Монеталар шығарылым ақын және ағартушы Абай Құнанбаевтың туғанына 175 жыл толуына орайластырылған.

Қазақстан Республикасында карантин режимінің ұзартылуына байланысты монеталарды сату мерзімі кейінірек хабарланады. Сату күні туралы ақпарат Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің ресми сайтында қосымша орналастырылатын болады.

«АВАІ. 175 ЖҮЛ» монеталарының сипаттамасы:

Монеталардың бет жағында (аверсінде) орталық бөлігінде Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Елтаңбасы бейнеленген. Елтаңбаның сол және оң жағында «QAZAQSTAN RESPUBLIKASY · REPUBLIC OF KAZAKHSTAN» деген жазбалар орналасқан. Айналысқа ұлттық ою-өрнек элементтері бар. Төменгі бөлігінде «TENGE» жазбасы және күміс монетада монетаның номиналын білдіретін «500» саны және мельхиор мен нейзильбер монеталарында «100» саны бейнеленген.

Монеталардың сырт жағында (реверсінде) Абай Құнанбаевтың мүсіндік портрет бейнесі, күміс және мельхиор монеталарда интерференциялық түрлі-түсті бейнелеу технологиясын қолдана отырып орындалған сия құтысының және қаламұштың стильдендірілген бейнесі орналасқан. Портреттің оң жағында – қазақтың киіз үйі (басқұр) декоры түріндегі ою-өрнек таспасы, оның астында Абай Құнанбаевтың туған жылын, 175 жылдығын мерекелейтін күнді және соғылған жылын білдіретін «1845-2020» деген жазба орналастырылған. Оң жағында – металдың массасын білдіретін «31,1 g» деген жазба бар. Монетаның жоғарғы бөлігінде «175» және «JYL» деген жазба бар. Сол жақ бөлігінде ұлттық ою-өрнек элементі, күміс монетада монета дайындалған металды және оның сынамын білдіретін «Ag 925» деген жазба бар. Монетаның төменгі бөлігінде латын графикасында «АВАІ» деген жазба бар.

Техникалық өлшемдері:
«Proof» сапалы монеталар 925/1000 сынамады күмістен, массасы 31,1 грамм, диаметрі 38,61 мм, номиналы 500 теңгелік, таралымы 1 500 данада дайындалды.



«Brilliant uncirculated» сапалы монеталар МН 25 мельхиор қоспасынан, массасы 15 грамм, диаметрі 33 мм, номиналы 100 теңгелік, таралымы 8 000 данада дайындалды.



«Brilliant uncirculated» сапалы монеталар МНЦ 15-20 нейзильбер қоспасынан, массасы 11,17 грамм, диаметрі 31 мм, номиналы 100 теңгелік, таралымы 75 000 данада дайындалды.



Монеталар коллекциялық құны бойынша сатуға арналған.

Номиналы 500 теңгелік және 100 теңгелік коллекциялық монеталар төлемдердің барлық түрлері бойынша Қазақстан Республикасының бүкіл аумағында олардың белгіленген құнымен қабылдануға, сондай-ақ банк шоттарына есепке алынуға және аударылуға міндетті, Қазақстан Республикасының барлық банктерінде шектеусіз ұсақталады және айырбасталады.

Күмістен дайындалған монеталар кәдесыйлық орамда шығарылады және Қазақстан Ұлттық Банкінің мемлекеттік, орыс және ағылшын тілдерінде нөмірлік сапа сертификатымен жабдықталған.

Мельхиор қоспасынан дайындалған монеталар арнайы полиграфиялық орамда шығарылады.

Коллекциялық монеталар Қазақстан теңге сарайында дайындалған.

Толығырақ ақпаратты газет оқырмандарымына телефон арқылы алуына болады: 703 354, 703 378, www.nationalbank.kz

Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Орталық филиалы (Нұр-Сұлтан қаласы)

«ҚАЗАҚСТАН-2050» СТРАТЕГИЯСЫ ЖОҒАРЫ ЭТИКА МЕН КӘСІБИЛІК, ТИІМДІ МЕМЛЕКЕТТІК АППАРАТ ҚҰРУДЫҢ БАСТЫ ӨЛШЕМІ БОЛЫП ТАБЫЛАДЫ

Осы ғасырдың жаһандық сын-қатерлері мүлдем жаңа экономикалық және жастар саясатына бағытталған «Қазақстан-2050» стратегиясын құруға түрткі болды. 2012 жылғы желтоқсанда Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауында Қазақстан Республикасының 2050 жылға дейінгі даму стратегиясы таныстырылды. Оның басты мақсаты – қуатты мемлекет, дамыған экономика мен жалпыға ортақ еңбек мүмкіндіктері негізінде берекелі қоғам құру, Қазақстанның әлемдегі ең дамыған отыз елдің қатарына кіру.

Мемлекет басшысы Н.Ә.Назарбаев «Қазақстан-2050» стратегиясы «Жұмысқа, әсіресе жергілікті билік органдарына этностық ерекшеліктеріне қарамастан, үздіктер алынуы керек. Өлшем біреу ғана – өте жоғары этика және кәсібилік. Министрліктер мен әкімдіктердің барлық буындарында кадр таңдауда байқалатын біржақтылықты түзеу керек» деп атап өткен.

Жоғары этика – барлық саналы адамдар үшін, болашақ қоғам құрушылары үшін мінез-құлық кодексінің жобасы. Ал кәсібиліктің әдеттегі тапсырмаларды орындаудан ерекшеленетін бірнеше сипаттамалары бар. Кәсібилік арнайы білім, дағды және жалпы этика кодексін ұстануға келісетін басқа да тәжірибеленуші мүшелермен өзара іс-қимыл негізінде негізделеді.

Кез келген қызметтің кәсіби мәртебесін талқылау ең алдымен этикалық мәселелерді талқылаудан басталады. Бұл, әсіресе, қоғам өміріне байланысты мамандықтарға қатысты. Өйткені әрқайсымыз дәрігерлік этика, мемлекеттік қызмет этикасы және т. б. мәселелерімен ойлана бастадық.

Мансаптық сатыға қарай, жұмысқа деген қарым-қатынас әртүрлі болуы мүмкін: кейбіреулері жұмыс бар болғаны үшін бақытты болуы мүмкін, басқалары өздерін табысты адамдар деп санауы мүмкін, ал кейбіреулері өздерін ісіннің мамандары деп санауы мүмкін.

Егер әр санатқа анықтама беріп өтетін болсақ:

– қызмет, еңбек – біреу өмір сүру үшін жасайтын жай ғана жұмыс.

– қабілеттілік – бұл өте қолайлы және өте адал жұмыс немесе мамандық. Жиі адамдар қабілеттілікке сілтеме жасайды, олар лайықты деп санайтын себептер бойынша осы қызметте жұмыс істейді.

– кәсібилік – бұл жоғары деңгейде сабақ өткізетін және барлық топ үшін этикалық нормалар мен мінез-құлық стандарттарының жиынтығын жасайтын мүшелердің күш-жігерінен туындаған істегі жетістіктердің соңғы эволюциясы болып табылады.

Мемлекеттік қызмет мемлекеттік қызметшінің моралімен, әдебімен, моральдық құрамымен тығыз байланысты. Мемлекеттік қызметшілер қарапайым азаматтардың өміріне үлкен әсер етеді. Көптеген жағдайларда бұл адамдар азаматтардың күнделікті өмірі үшін үлкен маңызы бар шешімдер қабылдай алады, сондай-ақ кейбір қызметтер туралы өтініштерді мойындай алады, қабылдамайды немесе өзгертеді.

Мемлекеттік қызмет этикасы «басқару саласындағы адамның мінез-құлқының нысаны» ретінде, «мінез-құлық нормаларының жүйесі, мемлекеттік-қызметтік қатынастардағы өзара қарым-қатынас пен іс-қимыл ережелері» немесе «моральдық нормалар, міндеттемелер және адал қызметтік мінез-құлық талаптары жүйесі» ретінде түсінілуі мүмкін.

Ұлт көшбасшысы Н.Ә.Назарбаев «Қазақстан-2050» стратегиясы Қазақстан халқына Жолдауында «жоғары этика мен кәсібилік, тиімді мемлекеттік аппарат құрудың басты өлшемі болып табылады» деп атап өткен.

Кәсіби мемлекеттік аппарат және тиімді, тұрақты, заманауи мемлекеттік қызмет құру биліктің барлық тармақтарының мемлекеттік қызметшілерінің қызметін кешенді тәсілді және жетілдіруді талап етеді. Көрсетілген мақсаттарға қол жеткізу үшін мемлекеттік қызметшілер кәсібилікке ұмтылуы керек.

Сондай-ақ, әрбір мемлекеттік қызметші «Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметі туралы» заңында және Қазақстан Республикасы мемлекеттік қызметшілерінің әдеп кодексінде белгіленген мемлекеттік қызметшілердің мінез-құлық ережелерінде көзделген өзге де этикалық ережелерді сақтауға міндетті екенін ұмытпауы тиіс.

Қ.ҚАМБАРБЕКОВ,
Нұр-Сұлтан қаласы Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру департаменті басшысының орынбасары, әдеп жөніндегі уәкілі

АҚПАРАТТЫҚ ХАБАРЛАМА

«Нұр-Сұлтан қаласының Активтер және мемлекеттік сатып алу басқармасы» ММ www.gosreestr.kz веб-порталында ең төмені бағаны белгілей отырып, бағаны көтеруге электронды аукцион түрінде жекешелендіру бойынша сауда-саттық 2020 жылғы 1 қыркүйекте өтетінін хабарлайды.

Аукционның өткізілетін мерзімі: 2020 жылғы «1» қыркүйек сағ. 10.00-ден 17.00-ге дейін.

Нұр-Сұлтан қаласы, Сарыарқа ауданы, Н.Тілендиев даңғылы, 12 («Сәлем» автобазар ауданында) мекенжайында орналасқан, жалпы алаңы 5883,0 ш.м болатын мүлктік кешен. Бастапқы бағасы – 506 493 000 теңге. Ең төменгі бағасы – 303 895 800 теңге. Кепілдік жарнаның сомасы – бастапқы бағадан 15%.

Аукцион қатысушысы ретінде тіркелу үшін тізімді веб-порталында қатысушының ЭЦҚ қойылған қағидаға сәйкес форма бойынша аукционға қатысудың электронды өтінімін тіркеу қажет.

Аукционға қатысуға өтінімді тіркегеннен кейін, тізімді веб-порталымен үш минут ішінде өтінім берілген сату объектісі бойынша кепілдік жарнаның түсімі туралы мәліметтердің тізімді деректер базасында болуына автоматты тексеруді жүргізеді.

Сатушының есепшотына кепілдік жарнаның түсімі туралы мәліметтердің тізімді деректер базасында болған жағдайда, тізімді веб-порталы өтінімді қабылдауды және қатысушының аукционға қосылғанын жүзеге асырады.

Сатушының есепшотына кепілдік жарнаның түсімі туралы мәліметтердің тізімді деректер базасында болмаған жағдайда, тізімді веб-порталы қатысушының өтінімін қайтарады.

Тізімді веб-порталының автоматты тексеру нәтижесі бойынша өтінімде көрсетілген қатысушының электронды мекенжайына өтінімді қабылдағаны туралы немесе өтінімді қабылдаудан бас тарту себебі туралы электронды хабарламаны жолдайды.

Аукцион қатысушылары аукцион басталғанға дейін бір сағат ішінде ЭЦҚ мен аукцион нөмірін қолдана отырып, аукцион залына кіреді. Аукцион жекешелендіру объектісінің бастапқы бағасын аукцион залында автоматты түрде орналастыру жолымен сауда-саттықты өткізу

туралы хабарламада көрсетілген Нұр-Сұлтан қаласының уақытымен басталады.

Мемлекеттік коммуналдық мүлікті жекешелендіру рәсімдері «Жекешелендіру объектілерін сату қағидасын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 9 тамыздағы №920 қаулысына сәйкес жүзеге асырылады.

Аукцион нәтижелері туралы хаттама сату бағасы бойынша жекешелендіру объектісін сатып алу-сату шартына жеңімпаз бен сатушының қол қою міндеттемесі және аукцион нәтижесін белгілейтін құжат болып табылады.

Жеңімпазбен сатып алу-сату шарты Нұр-Сұлтан қаласы, Бейбітшілік көшесі, 11, 632-қаб. мекенжайы бойынша құжаттардың түпнұсқасы болған кезде, аукционды өткізген күннен бастап кемінде күнтізбелік он күн ішінде қол қойылады.

Бұл ретте, аукцион Жеңімпазы сатып алу-сату шартына қол қойған кезде сатушы мынадай құжаттардың көшірмелерін, салыстыру үшін түпнұсқаларды бере отырып немесе нотариалды куәландырылған көрсетілген құжат көшірмелерін ұсынады:

жеке тұлғалар үшін: жеке тұлғаның паспорты немесе жеке басын куәландыратын құжат;

заңды тұлғалар үшін: заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы куәлік не анықтама;

2) заңды тұлға өкілінің өкілеттілігін куәландыратын құжат, сондай-ақ заңды тұлға өкілінің паспорты немесе жеке басын куәландыратын немесе құжат.

Құжаттардың түпнұсқалары салыстырғаннан кейін бір жұмыс сағаты ішінде қайтарылады.

Кепілдік жарнаны аудару үшін деректемелер:
1) IBAN KZ946017111000000330, БСК: HSBKZKX, Банктің атауы: «Қазақстан Халық банкі» АҚ, КНП: 911; Кбе: 11;
Төлемді алушы (қаз.): «АҚПАРАТТЫҚ-ЕСЕПТЕУ ОРТАЛЫҒЫ» АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫ; БСН: 050540004455.

Анықтама алу үшін Нұр-Сұлтан қаласы, Бейбітшілік көшесі, 11, 632-қаб. мекенжайы, тел.: 55 01 68, 55-68-15 телефоны бойынша жүгінуге болады.

НҰР-СҰЛТАН ҚАЛАСЫ ӘКІМДІГІНІҢ ҚАУЛЫСЫ

ЖОБА

Астана қаласы әкімдігінің кейбір қаулыларының күші жойылды деп тану туралы

«Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» 2001 жылғы 23 қаңтардағы Қазақстан Республикасы Заңы 37-бабының 1-тармағына, «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2019 жылғы 25 қарашадағы Қазақстан Республикасы Заңының 1-бабы 31-тармағының 16) тармақшасына сәйкес Нұр-Сұлтан қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Мыналардың:
1) «Астана қаласында сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі саласындағы көрсетілетін мемлекеттік көрсетілетін қызметтердің регламенттерін бекіту туралы» Астана қаласы әкімдігінің 2015 жылғы 11 тамыздағы № 11-1383 қаулысының (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 936 болып тіркелді, 2015 жылғы 5 қыркүйекте № 98 (3321) «Астана ақшамы», 2015 жылғы 5 қыркүйекте №98 (3303) «Вечерняя Астана» газеттерінде жарияланды);

2) «Сәулет, қала құрылысы және құрылыс саласындағы жобаларды басқару жөніндегі ұйымдарды аккредиттеу» мемлекеттік көрсетілетін қызмет регламентін бекіту туралы» Астана қаласы әкімдігінің 2016 жылғы 13 мамырдағы №11-964 қаулысының (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 1027 болып тіркелген, 2016 жылғы 18 маусымда №69 (3421) «Астана ақшамы», 2016 жылғы 18 маусымда №69 (3439) «Вечерняя Астана» газеттерінде жарияланған) күші жойылды деп танылсын.

2. «Нұр-Сұлтан қаласының Қалалық орта сапасы және бақылау басқармасы» мемлекеттік мекемесінің басшысы Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіпте:

1) осы қаулының аумақтық әділет органында мемлекеттік тіркелуін;

2) осы қаулы мемлекеттік тіркелгеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмесін Нұр-Сұлтан қаласының аумағында таратылатын мерзімді баспа басылымдарында ресми жариялау үшін жіберуді;

3) осы қаулы ресми жарияланғаннан кейін Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің интернет-ресурсында орналастырылуын;

4) осы қаулы мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде аумақтық әділет органына осы тармақтың 2), 3) тармақшаларымен көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді ұсынуы қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Нұр-Сұлтан қаласы әкімінің орынбасары Н.К.Солтамбековке жүктелсін.

4. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Нұр-Сұлтан қаласының әкімі **А. Көлгінов**

Нұр-Сұлтан қаласы әкімінің орынбасары **Н. Солтамбеков**

«Нұр-Сұлтан қаласы әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесі мемлекеттік құқықтық бөлімінің басшысы **Ж. Шәукентаев**

«Нұр-Сұлтан қаласының Қалалық орта сапасы және бақылау басқармасы» мемлекеттік мекемесінің басшысы **Т. Құлшөв**

БОЛГАРИЯДА – АБАЙ БАРЕЛЬЕФІ

» Болгарияның Свети-Влас қаласында Қазақстан елшілігі мен «Память Болгарии – братьев Диневи» атты қор қолдауымен танымал тұлғалар аллеясында Абай барельефі ашылды.



Динара МӘЛІК

Іс-шараға Қазақстанның Болгариядағы елшісі Теміртай Избастин, Болгарияның бұрынғы Сыртқы істер министрі Соломон Пасси, Свети-Влас қаласы әкімшілігінің өкілі, «Память Болгарии – братьев Диневи» атты қорының басшылары Динко және Йордан Диневтер, Болгар телеграф агенттігінің төрағасы Максим Минчев, Болгария СІМ жанындағы мәдени орталығының басшысы Снежана Йочева, тарихшы және этнограф Стоян Райчевский және отандастарымыз қатысты.

Аталмыш шара барысында елші Абайдың 175 жылдық мерейтойы тек Қазақстанда емес, әлемнің көптеген елдерінде тойланып жатқанын, бұл игі бастамалар ел арасындағы ынтымақтастықтың одан әрі дамуына септігін тигізетінін тілге тиек етті.

АҚЫНДЫ ЗЕРДЕЛЕГЕН ОН ЕКІ КІТАП

» Ұлы ақынның туған күні, яғни 10 тамызда, Л.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінде Абай атамның 175 жылдық мерейтойына орай «Абай академиясы» сериясымен жарық көрген кітаптардың таныстырылымы болды.

Абай күні мерекесінде ұйымдастырылған шара барысында дәл осы сериямен шыққан кезекті 12 зерттеу еңбек жұртшылық назарына ұсынылды. Атап айтқанда, екі кітаптан тұратын «Абайдың ғұмырнамасы» (ғылыми-танымдық дерекнама жинағы), жоба жетекшісі – Е.Сыдықов, академик; 4 томдық «Абай және қазақ социумы» (ұжымдық мақалалар жинағы), жоба үйлестірушілері – академик Д.Қамзабекұлы, доценттер – Д.Айтмағамбетов, Е.Сайлаубай; «Абайдың пәлсапасы» (авторлық ой-толғаулар), қалам иелері – академик Ғ.Есім, PhD Р.Кемербай; «Абайдың көркемдік және ғылыми дүниетанымы» (ғылыми ізденісті монография), авторы – профессор С.Негимов; Абай және



оның әлеуметтік ортасы туралы «Соқтықпалы, соқпақсыз заманда өсті» (ғылыми ізденісті монография), авторы – профессор Т.Жұртбай; «Абай және Алаш сабақтастығы: тарихи-философиялық, әдеби-лингвистикалық

аспект Абайдың көркемдік және ғылыми дүниетанымы» (ұжымдық монография), жоба жетекшілері – академик Д.Қамзабекұлы, алаштанушы ғалым С.Аққұлұлы; «Абайдың педагогикалық дүниетанымы» (ұжым-

дық монография), жоба жетекшісі – профессор Р.Төлеубекова; Балаларға арналған «Бес асыл іс» танымдық жинағы. Жаңа технологияларға негізделген жоба жетекшісі – профессор Ж.Әскербекқызы.

МІНӘЖАТ ОРНЫ ТАБЫЛДЫ

» Биылғы археологиялық қазба жұмыстары кезінде Түркістан шаһарының ең ежелгі бөлігі – Күлтөбе қалажұртында ғалымдар ханака деп атайтын ежелгі сопылық мінәжат ету ғимараты табылды.

Бұл ерекше олжаны Eurasian Resources Group (ERG) қаржылық қолдауымен жүзеге асырылып жатқан «Күлтөбе қалажұртының тарихи нысандарын қалпына келтіру» жобасы аясында Қазақ мәдениет ғылыми-зерттеу институтының ғалымдары тапқан.

Мамандардың пікірінше, күлтөбелік ханака – XV ғасырдан XIX ға-

сырға дейінгі аралықта қызмет еткен мінәжат ету және жерлеу рәсімдері өткен сәулет ескерткіші. Өйткені мұнда кешеннің барлық үй-жайлары мен ғұрыптық залдарының қалдықтары ғана емес, дәруіш орденіне қызмет еткендердің сүйегі табылды. Мұндай ескерткіштер Түркістан облысындағы Отырар және Қаялық қалажұрттарындағы екі ханаканы

есепке алмағанда, отандық ғылымда іс жүзінде әлі белгісіз және аз зерттелген.

Күлтөбе қалажұртындағы ханака – жылыту пештері мен кішкентай тандырлары бар 10 бөлмеден тұратын кешен. Ғимараттың оңтүстік-шығыс бөлігінде 7 жерленген жерасты табыты бар тікбұрышты пішінді кесене орналасқан.

